Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 19 (1074)

20.05.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ЖИЫН

12 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕГЕ ЖУЫҚ САЛЫҚ БЕРЕШЕГІ БАР

БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ 1 МАМЫРЫНА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТКЕ ТҮСЕТІН КІРІСТЕРДІҢ ЖОСПАРЫ 120,6%, СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТ 134,8% ОРЫНДАЛДЫ. ЖАЛПЫ 276,5 МЛРД. ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ТҮСІМДЕР ТҮСТІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖОСПАРДАН ТЫС ТҮСІМДЕР – 47 МЛРД. ТЕҢГЕ. ОБЛЫСТА 12 МЛРД. ТЕҢГЕГЕ ЖУЫҚ САЛЫҚ БОЙЫНША БЕРЕШЕК БАР ЖӘНЕ ОСЫ САЛАДА ТУЫНДАҒАН БАСҚА ДА ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ҚАНАТ БОЗЫМБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН ЖИЫНДА БЮДЖЕТКЕ ТҮСЕТІН САЛЫҚТАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА ТҮСІМДЕР БОЙЫНША МӘСЕЛЕЛЕР КЕҢІНЕН ТАЛҚЫЛАНДЫ.

Ел экономикасының қарышты дамуы ол бюджетке түсетін қаржыға байланысты. Нарық жүйесіне сәйкес көптеген кәсіпорын жекешенің қолында. Қисынын тапқандар өндірген өнімдерінің көрсеткішін азайтып, түскен түсімге байланысты салықтан жалтаратындары бар. Бұл мемлекеттің де, экономиканың да тежегішін босатпағанмен бірдей. Жалпы қоғамда көлеңкелі кәсіп туралы аз айтылып жүрген жоқ. Мың жерден қадағалаушы орган бар десек те, амалын тапқандар айналып өтіп жүр.

Аталған тақырыпқа қатысты Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Талғат Қозбеков баяндама жасады. Онда атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларға тоқталды. Талғат Қозбековтың баяндауынша, жергілікті бюджетке қосымша түсімдердің түсуін қамтамасыз ету үшін уәкілетті және мемлекеттік органдар 2022-2023 жылдар аралығында бірлесіп атқаратын іс-шаралар жоспарын ұсынған. Оған бірнеше мәселе енгізілген. Атап айтқанда, мемлекеттік сатып алуға қатысушыларды әкімшілендіру, ауыл шаруашылығына бөлінген субсидиялар бойынша салықты өндіру, еңбек иммигранттарын тіркеу, тіркелмеген жұмыс орындарын анықтау, инвестициялық жобалар бойынша салық түсіміне бақылау жасау, қайта іске қосылған нысандар салығының дер кезінде және толық төленуі, жер салығы ставкасын бекіту сияқты көптеген тақырыптар қамтылғанын баяндады. Межеленген жоспардың әр тармағына кеңінен тоқталып, жұмыс тиімділігін арттыру шараларын атап өткен. Департамент басшысының сөзіне сүйенсек, алдын ала есептеулер бойынша биылғы жылы қосымша – 10,7 млрд.теңге, 2023 жылы – 11,9 млрд. теңге түсім күтілуде. Айтулы жиында облыс әкімі кейбір аудандарда былтырғы жылға қарағанда қосымша түсімдер көлемінің азайғанын тілге тиек етті. Мәселен, Іле, Алакөл аудандары мен Талдықорған қаласы айтылды. Іле ауданында бұл көрсеткіш 227 млн. теңгеге, Талдықорған қаласында 61,1 млн. теңгеге, Алакөл ауданында 21,1 млн. теңгеге азайған деді. Ал жалпы көлемі 5,7 млрд. теңге болған берешек сомасы негізінен 4 өңірге тиесілі: Қарасай ауданы – 2,2 млрд. теңге, Талдықорған және Қонаев қалалары – әрқайсысы 1,2 млрд. теңгеден, Іле ауданы – 1,1 млрд. теңге кемігенін айтып, аталған аудан және қалалардың әкімдері мен аудандық, қалалық салық департаменттері басшыларынан қосымша түсімдерді арттыру бағытында қандай шаралар атқарылып жатқанына сұрау салды.

«Қонаев қаласы облыс орталығы болды, соған сәйкес алдағы уақытта даму Қонаев нүктесіне айналатынын жақсы білесіздер. Келесі жылдан бастап қалада құрылыс қызады. Егер жергілікті құрылыс компаниялары әлден берешек болса, ертеңгі күні қалай жұмыс істейді? Бұл мәселені дұрыстап қараңыздар деп жауапты мекемеге тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу бойынша жергілікті жерлерде жұмыс жүргізетін компаниялардың жұмыс ауқымы үлкен, жұмысшылар саны көп болса, оларға сол аудан-қалалардан филиал ашуды ұсыну керектігін баса айтты. Бұл жұмыс сапасына да, салық төлеміне де оң әсер етеді», – деді өңір басшысы.

Салық төлеміне қатысты жиында полиция департаменті тарапынан салынған айыппұлдардың өтелуін, жалға берілетін және коммуналдық меншіктегі тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін төленетін салықтардың дер кезіндегі түсімін, салынып қолданысқа берілген жылжымайтын мүліктердің тіркелуін бақылау және бюджет түсіміне қатысты өзге де мәселелер талқыланды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АҢДАТПА

РЕФЕРЕНДУМ 3 стр.

ПОЧТИ 12 МЛН ЧЕЛОВЕК СМОГУТ ПРИНЯТЬ УЧАСТИЕ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ 4-бет

ЛАЙ КӨШКІННЕН ҚЫЗ БАЛА КӨЗ ЖҰМДЫ

МЕРЕЙ 7-бет

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ, МІНЕЗІ КӨРКЕМ СӘБИТ АҒА

ТҰМСА ТАБИҒАТ 8-9-бет

ЖАҚҰТ МЕКЕН ЖЕТІСУ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕКТЕБІҢДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫ ENACTUS NATIONAL EXPO 2022 МЕКТЕП ЖӘНЕ СТУДЕНТТІК КӘСІПКЕРЛІК ҰЛТТЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ, ОЛАРҒА NARXOZ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТТАРЫНЫҢ СЕРТИФИКАТТАРЫ ТАБЫС ЕТІЛДІ.

Жарысқа 100-ден астам команда қатысып, олардың арасында Талдықорған НЗМ жобасы үздік атанды. Білім ордасында оқитын Максим Сурин, Виктор Кахно, Мирхаят Дени, Дмитрий Нам, Расим Нығматулин нашар көретін және зағип жандарға арналған концепті шлем ойлап тапты. Олардың айтуынша, автономды шлемнің көмегімен қалада өздігінен және қауіпсіз қозғалуға болады, осылайша зағип адамдардың күнделікті өмірін айтарлықтай жеңілдетеді. Бұл әдістерді дүние жүзінде 36 миллионнан астам зағип адам қолданады. Әрбір зағип адам сенсорға, дыбыстық сигналдарға, жеке көмекшілерге және экраннан оқу құралдарына тікелей тәуелді.

Бүгінде Қазақстан бойынша көру қабілеті нашар 160 мың адам болса, Алматы облысының «Зағиптар қоғамында» 1500 адам тіркелген.

Шлем автомобильдерді, пойыздарды, автобустарды, бағдаршамдарды, жол белгілерін, велосипедшілерді және адамдарды анықтауға қабілетті.

Бұл ретте талдықорғандық робототехника командасы смартфонға орнатылған «Болашақты көр!» шлемге арнайы қосымша жасап шығарды.

Қазіргі уақытта қолданбада геолокация, ауа райы, компас, музыка, подкасттар, аудиокітаптар сияқты функциялар бар.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ҰСТАЗ ОЙЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Барша ұлтты бауырына басқан бауырмал қазақ халқы біреуді артық, біреуді кем деп көрмеген. Татулық пен достықта тұруды ежелден серік еткен. Қазақстан – өз ұлты, халқы, діні, тілі, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі бар құдіретті ел. Қазаққа тән ата-бабаларымыздан қалған ар-намыс, жігер-қайрат, қайтпас қанат мұра ретінде келешек ұрпаққа дейін жеткен.

Тарихқа үңіле отырып: «Кеше кім едік, бүгін кімбіз, ертең кім боламыз?» – деп ойлансақ, бұл – туған елінің, халқының өткені мен келешегіне көз жіберген әрбір азаматтың жүрек түкпіріндегі сөзі.

Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл ақылдың – өлшемі. Тіл – адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Оның ішінде біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. «Қанша тілді білсең, сонша мәдениеттісің, сонша байсың» деген даналық сөз бар. Әрине, құптарға боларлық ой. Бірақ өзге тілді білемін деп жүргенде өз тілімізден алыстап кетпеуіміз керек. Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да – тіл. Ол – қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгүрт. Тілдерді дамыту – елдердің мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тіліміз құрып кетті, құрдымға батып жатыр деп отыра бермей, оның маңызы мен мүмкіндіктерін жан-жақты ашып, жұрттың оған деген сенімін нығайтуға күш салғанымыз дұрыс. Тілді насихаттауда, үйретуде жеке адамдардың, отбасының атқарар қызметі мол болуы тиіс.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Демек әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұтып, білуі тиіс. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Ана тіліміздің мәртебесін үстем етіп, еліміздің мерейін көтерейік. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Бұл біздің басты парызымыз.

Талғат ЖУМАГЕЛЬДИНОВ,
№ 1 мектеп-гимназияның қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі.
САРҚАН АУДАНЫ

СОТ РЕФОРМАСЫ

КЕШЕ. БҮГІН. ЕРТЕҢ

РЕСПУБЛИКАМЫЗДА ЖҮРІП ЖАТҚАН СОТ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМА ЕЛІМІЗДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ЖҮЙЕНІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРА ОТЫРЫП, ОҒАН САЙ КЕЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ИНФРАҚҰРЛЫМДАРЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ САНАЛЫ ЗАҢДАРДЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫН ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРУ, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ КІНӘРАТСЫЗ ӘРІ ҮЙЛЕСІМДІ ЖҰМЫС ІСТЕУІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Мемлекеттік-құқықтық реформаны кезең-кезеңімен іске асыру нәтижесінде Қазақстанда тәуелсіз сот төрелігі үшін жағдайлар жасалды, қоғамдық-саяси өмірдің қазіргі заманғы үрдістеріне сай келетін дербес сот жүйесі қалыптасты. Оның басты басымдықтарының бірі - қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғаумен ұштастыра отырып, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін сотта қорғау кепілдіктерін нығайту болып табылады.

Тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесі төмендегідей жағдайда қалыптасып, дамыды. Атап айтқанда, 1991 жылғы желтоқсанда қабылданған «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік билікті жүзеге асыру оны заңнамалық, атқарушы және сот билігіне бөлу қағидаты негізінде құрылады деп белгіленген. Бұл принцип сот билігінің ұйымдастырушылық негіздерін бекіткен 1993 жылғы Конституцияда бекітілді.

Бүкіл ұлттық құқықтық жүйені түбегейлі өзгертуге бағытталған шаралар кешені 1994 жылы бекітілген Құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасында қаланды. Сот құрылысы мен сот ісін жүргізуді қайта ұйымдастыру, материалдық және іс жүргізу заңнамасын жетілдіру көзделді. 1995 жылғы Конституцияның және Президенттің конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі туралы» Жарлығының қабылдануымен соттардың мемлекеттік билікті, сот органдарының заң шығарушы және атқарушы құрылымдардан тәуелсіздігін жүзеге асыруының тікелей нысаны ретінде сот төрелігі туралы қағидатты түрде жаңа ережелер енгізілді. Содан бергі жылдарда сот жүйесін жетілдіру мақсатында көптеген реформа жүргізіліп, сот төрелігін атқарудың сапасы жақсара түсуде. Соңғы жылдары қабылданған пәрменді шаралардың біріне тоқтала кетсек. Мәселен, Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманың одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойған болатын. Бұл өзгерістер сот төрелігінің сапасын арттыру мен сот жүктемесін төмендету туралы шеңберінде жүзеге асырылған сот реформаларының жалғасы деуге болады. Бұл заң нотариустардың атқару жазбасы арқылы ақшалай міндеттемелерді өндіріп алу мүмкіндіктерін кеңейтіп отыр. Нотариустар атқарушылық жазбаны оған жүгінген кезде әзірлеуге міндетті. Бұл тез әрі өте ыңғайлы. Сонымен қатар даусыз қарыздарға баламалы өндіру әдістері алынып тасталды. Заңға енгізілген өзгерістер азаматтардың бірқатар даусыз талаптарымен тек нотариусқа ғана жүгінуі тиіс екендігін айқындайды. Осыған байланысты биылғы жылдың 3 ақпанынан бастап дауды соттан тыс реттеу рәсімін сақтамаған арыздар қайтарылады. Азаматтық процестік кодексте нотариусқа жүгіну үшін қосымша ынталандырулар жасалады. Мысалы, егер талап қоюшы дауды шешуді талап етсе, судья талап қоюдың негізділігіне қарамастан, іс бойынша сот шығындарын талап қоюшыға жүктеуге құқылы. Осылайша атқарушы жазба жобасының дамуына жол ашып, бұрын сотта қаралған талаптардың 20 пайыздан астамы нотариустарға берілетін болады. Азаматтық процестік кодексте көзделген 18 бұйрық арқылы іс жүргізу өндірісінің 9-ы нотариатқа тапсырылады.

Сондай-ақ нотариусқа жүгінген тұлғаның шығындары борышкермен өтелетіндігі, ал есептелген, бірақ төленбеген еңбекақы өндіріп алу туралы талап бойынша өтініш білдіргендер нотариустың қызметіне ақы төлеуден босатылатындығы жөнінде толықтырулар енгізілді. Қарап отырсақ енгізілген өзгерістердің қай қайсысы болмасын азаматтардың құқығын қорғауды жеңілдетіп тұруымен құнды. Бұл жаңалықтар азаматтардың материалдық және моральдық шығындарын азайтатынын растайды. Атқарушылық жазба атқару парағының күшіне ие және ол бойынша өндіріп алу атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың талаптарына сәйкес жүргізілетінін айта кеткен жөн. Сондай-ақ берешекті осы тәсілмен өндірудің артықшылықтарына тоқталсақ: Біріншіден, қаражатты үнемдеу. Бұл тұрғыда нотариустың атқарушы жазбасын орындау жарнасы сот шығындарынан айтарлықтай төмен, екіншіден, сот бұйрығын беруден оның айырмашылығы, нотариуспен атқару жазбасын орындау үшін борышкердің келісімі талап етілмейді. Үшіншіден, сотта қаралумен салыстырғанда нотариаттық іс-әрекеттердің мерзімдері өте қысқа. Демек, атқарушы жазба нотариустың жаңа нотариаттық әрекеті ретінде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған іс-әрекеттердің тәртібін жеңілдетеді.

Манап НҮСПЕКОВ,
Талдықорған қалалық сотының кеңсе меңгерушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

ПОЯВЯТСЯ ПЯТЬ НОВЫХ ЗАВОДОВ

Как передает 365info.kz, меморандумы о строительстве пяти новых заводов подписал аким Алматинской области Канат Бозумбаев. Современные предприятия по производству газоблоков, фиброцементных панелей, стекловаты и пластиковых труб наладят в Талдыкоргане и Илийском районе, сообщает пресс-служба акима. В ходе встречи с инвесторами Канат Бозумбаев подчеркнул, что в стране динамично развивается строительная отрасль.

«Растет инвестиционная активность, включая производство строительных материалов. С этой целью сегодня мы встречаемся сразу с двумя инвесторами, которые планируют построить новые заводы по производству стройматериалов в Илийском районе и городе Талдыкоргане», — отметил Бозумбаев. Согласно договоренностям, долгосрочные проекты компании «ТК газоблок», одним из учредителей которой является АО Samruk-Kazyna Construction, планируется реализовать в течение семи лет.

Производство газоблоков, фиброцементных панелей, стекловаты планируется разместить на территории Илийского района. Производство газоблоков мощностью 60 тыс. куб.м в год появится на территории индустриальной зоны «Талдыкорган». Там же свой проект планирует реализовать компания ТОО «Алмпласт». Завод будет производить пластиковые трубы диаметром 20−1 200 мм. Сроки реализации проекта — 2022−2023 гг. Ожидается, что при проектной мощности 16,8 тыс. тонн в год будет создано 37 новых рабочих мест, привлечено 2,6 млрд тенге инвестиций.

Меморандум подписали аким области Канат Бозумбаев, директор ТОО «Алмпласт» Сабырхан Касымов, директор «ТК газоблок» Максим Ким.

РЕФЕРЕНДУМ

КАК ПЕРЕДАЕТ КАЗТАГ, В СПИСКИ ДЛЯ УЧАСТИЯ В РЕФЕРЕНДУМЕ ВКЛЮЧЕНЫ 11 МЛН 722 ТЫС. 536 ЧЕЛОВЕК, СООБЩИЛ СЕКРЕТАРЬ ЦЕНТРАЛЬНОЙ КОМИССИИ РЕФЕРЕНДУМА МУХТАР ЕРМАН.

ПОЧТИ 12 МЛН ЧЕЛОВЕК СМОГУТ ПРИНЯТЬ УЧАСТИЕ

«Списки граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме, в установленном конституционным законом в выборах порядке представлены в комиссии референдума за подписью соответствующего акима, решением которого образованы участки. Согласно представленным сведениям и отчетов представителей акиматов областей, городов Нур-Султан, Алматы, Шымкент, местными исполнительными органами по Республике в списки включены 11 722 536 граждан. Постановлением Центральной комиссии референдума от 6 мая 2022 года 33/488 "О некоторых вопросах изготовления бюллетеней для голосования при проведении республиканского референдума, назначенного на 5 июня 2022 года" установлено, что бюллетени для голосования изготавливаются в количестве, равном числу включенных в список граждан, имеющих право участвовать в референдуме, с резервом один процент. Следовательно, изготовлению подлежат бюллетени для голосования в количестве 11 839 761 единиц», — приводит слова Ерман пресс-служба ЦКР.

При этом отмечается, что за изготовление бюллетеней и доставку их к местам голосования отвечают акиматы. Бюллетени должны быть изготовлены до 28 мая.

ВСТРЕЧА

РАССКАЗАЛИ КАК ЗАПУСТИТЬ СТАРТАП С НУЛЯ

Как сообщает пресс-служба региональной палаты предпринимателей, бизнесвуман Талдыкоргана встретились со студентами и рассказали, как основать свой стартап.

Встреча с предпринимателями «Секреты успешных людей» прошла в Талдыкорганском высшем политехническом колледже. С молодежью о бизнесе побеседовали член Регионального совета Палаты предпринимателей Алматинской области, директор ТОО «Ясли-сад НурГазиз», руководитель областного филиала Казахстанской ассоциации непрерывного образования Роза Егинбаева и директор центра искусств «Омеш» Айнаш Рыскельдинова. Бизнесвуман отметили, что бизнес можно построить и без денег, но приложив упорный труд и любовь к своему делу.

«Возможно 10 лет назад было сложно открывать бизнес, но сегодня даже школьник может начать бизнес и для этого не нужно больших средств. Истории успешных и богатых предпринимателей сводится к тому, что в первую очередь человек должен любить свое дело и верить в себя. Если говорить о нашем городе и Алматинской области в целом, то в регионе очень много свободных ниш. Каждый из вас может реализоваться в любой сфере. Для этого нужно изучить рынок, повысить навыки и начать с того, что ты делаешь лучше всех. Эти простые шаги всегда срабатывали», – поделилась предприниматель Роза Егинбаева.

Бизнесвуман также оценили проекты студентов, планирующие начать реализацию бизнес-проектов. Для стимулирования молодежи в колледж даже создали бизнес-академию «Стартап», где активные студенты развивают свой потенциал, участвуют в различных грантовых программах.

Накануне студены побывали в офисе региональной палаты и воочию увидели, как работает "дом предпринимателей". Они побеседовали с сотрудниками, узнали основные направления работы «Атамекена». К тому же, получили личные консультации в Центре обслуживания предпринимателей, Центре развития женского предпринимательства и микрофинансовой организации «Atameken Zhetysu».

Начальник отдела развития человеческого капитала областной палаты предпринимателей Меруерт Бакибаева рассказала о мерах государственной поддержки бизнеса и ответила на вопросы студентов. Также были награждены студенты, принимавшие активное участие в мероприятиях, прошедших в рамках «недели предпринимательства, психологии и деловых отношений» высшего политехнического колледжа. Каждому был вручен учебник «Основы предпринимательства и бизнеса».

Ш. ХАМИТОВ.

МИНСЕЛЬХОЗ

ГЛАВА МИНСЕЛЬХОЗА ПРЕДУПРЕДИЛ КАЗАХСТАНЦЕВ О ДЕФИЦИТЕ ПРОДУКТОВ ПИТАНИЯ. О МЕРАХ ПРАВИТЕЛЬСТВА ПО СДЕРЖИВАНИЮ РОСТА ЦЕН НА ПРОДУКТЫ ПИТАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ И КРИТИКЕ СО СТОРОНЫ ОБЩЕСТВЕННОСТИ ВЫСКАЗАЛСЯ МИНИСТР СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА ЕРБОЛ КАРАШУКЕЕВ, ПЕРЕДАЁТ BAIGENEWS.KZ.

ПРЕДУПРЕДИЛ О ДЕФИЦИТЕ ПРОДУКТОВ ПИТАНИЯ

«Ситуация с продуктами питания очень сложная во всём в мире. В результате принятого комплекса мер нам удаётся сохранить стабильность цен по большому перечню продуктов питания. К примеру, картофель в прошлом году 500 тенге стоил, в этом году 150−170 тенге по оптовой цене. Мы принимаем все меры, чтобы не допустить резких и необоснованных скачков цен. Но Казахстан же не закрытая страна. По данным Всемирной организации продовольствия при ООН, в этом году во всём мире отмечается рекордный и небывалый рост цен на продукты питания», – сказал министр журналистам в кулуарах заседания правительства РК.

Он отметил, что одновременно с политикой сдерживания цен на продукты питания правительству важно думать о том, чтобы от этого не пострадали казахстанские сельхозтоваропроизводители.

«Просто держать цены невозможно, поскольку у наших фермеров расходы растут. Если мы будем усердствовать и снижать их цены, это приведёт к тому, что они просто перестанут производить. Надо найти баланс, мы его ищем. Опыт показывает, что мы находим. В прошлом году журналисты критиковали МСХ за установленную квоту на картошку, сколько шума по пшенице и мясу было. Мы поступали правильно: сейчас цены на продукты в стране стабильные, если сравнить с другими странами. Если открыть полностью рынок (не использовать меры госрегулирования – прим. ред.), то, к примеру, подсолнечное масло повысится до пяти тысяч тенге. Тогда, в первую очередь, критиковать начнут Минсельхоз. Здесь нужно действительно найти баланс, чтобы у наших фермеров был стимул и они получали необходимый уровень рентабельности. Имейте в виду, что в этом году ожидается большой дефицит продуктов питания», – сказал министр.

ЗДОРОВЬЕ

МЕДИЦИНСКИЕ ПОЕЗДА ОТПРАВЯТСЯ С 23 МАЯ

Специализированные медицинские поезда возобновят свою работу с 23 мая 2022 года по всем областям Казахстана, передаёт BaigeNews.kz со ссылкой на пресс-службу нацкомпании «Қазақстан темір жолы».



В этом году поезда проедут более 13 000 километров, посетив такие отдалённые станции и разъезды, как Толтыр, Афанасьево, Бегимбет, Никельтау и другие. В этом году планируется охватить около 200 станций и разъездов.

Врачи будут оказывать первичную медико-санитарную и консультативно-диагностическую помощь жителям отдалённых станций и близлежащих поселков, у которых затруднён доступ к медицинскому обслуживанию. В составе медицинских бригад будут работать такие специалисты как терапевт, педиатр, ЛОР, кардиолог, офтальмолог, гинеколог, стоматолог и другие.

Медицинские поезда «Жәрдем» и «Саламатты Қазақстан» состоят из восьми специализированных оборудованных вагонов формированием АО «Пассажирские перевозки». Врачи, входящие в состав бригад проекта, обследуют десятки пациентов в день.

«Бывали случаи, когда во время осмотра они обнаруживали серьезные заболевания. Иногда пациенты специально приезжают из других населенных пунктов на станции, где работают медицинские поезда, чтобы пройти обследование у докторов высокого класса. По словам врачей, такой проект, как "Медицинские поезда", имеет большое значение для населения, ведь он даёт возможность жителям отдалённых районов Казахстана получать бесплатную качественную медицинскую помощь», – сообщили в КТЖ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ЛАЙ КӨШКІННЕН ҚЫЗ БАЛА КӨЗ ЖҰМДЫ

БИЫЛ КӨКТЕМ ЕРТЕ ШЫҚТЫ. СОЛТҮСТІКТЕ ҚЫС ҚАТТЫ БОЛҒАНМЕН ОҢТҮСТІК ӨҢІРЛЕРДЕ ҚЫС ЖАЙЛЫ БОЛДЫ. ҚАР ҚАЛЫҢ ТҮСПЕДІ. АЛАЙДА КӨКТЕМНІҢ СӘУІР, МАМЫР АЙЛАРЫ ЖАУЫН-ШАШЫНҒА ҰЛАСТЫ. БЫЛТЫРҒЫ ЖЫЛЫ ҚУАҢШЫЛЫҚТАН ТАРЫҒЫП, ТӨРТ ТҮЛІГІН ҚЫРЫП АЛҒАН МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНІҢ ЕЛ-ЖҰРТЫ БИЫЛ ДА ҚУАҢШЫЛЫҚ БОЛАДЫ ДЕГЕН ҚАУЕСЕТКЕ СЕНІП ТАСАТТЫҚ БЕРДІ. ОНЫҢ АРТЫ АҚ НӨСЕР ЖАУЫНҒА АЙНАЛЫП, ТОЛАССЫЗ ЖАУҒАН ЖАҢБЫРДЫҢ АЯҒЫ ТАСҚЫНҒА ҰЛАСТЫ. МАҢҒЫСТАУЛЫҚТАРДЫ БІРАЗ ӘБІГЕРГЕ САЛДЫ. АРТЫНША ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ТАСҚЫН БОЛДЫ. БҰЛ ДА ЖАҢБЫР СУЫНА ҰЛАСЫП, МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДІ АЯҒЫНАН ТІК ТҰРҒЫЗЫП, ЕЛДІ-МЕКЕНДЕРДІ СУ ШАЙДЫ. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫНДА ЖАҢБЫР ЖАУҒАН КҮНІ ЛАЙ ТАСҚЫННАН ӨРІМДЕЙ СӘБИ АЖАЛ ҚҰШТЫ.

Күннің көзі күрт жылынып қар көбесі сөгіліп, жауын-шашынға ұласқанда Батыс өңірінде және Ойыл ауданындағы елді-мекенге қауіп төнген-ді. Абырой болғанда ауыл халқы жұмылып қауіп-қатердің алдын алып үлгерген-ді. Бұдан кейін, Ақтөбеде облыс орталығындағы қаланың көшелерін тасқын су шайып, арыққа құлаған бір жасөспірімді көзі шалып қалған тұрғындар құтқарып қалған-ды. Маңғыстау облысындағы

екі қала мен төрт ауылды, Ақтау мен Жаңаөзен қалаларын, сонымен бірге төрт елді мекен – Бостан, Сенек, Құрық және Шетпе ауылдарын су шайып кеткен болатын. Мәселен, облыс орталығында он бір көшені, Жаңаөзен қаласында 88 тұрғын үйді, үш мектеп пен бір балабақшаның жертөлелері зақымдалғанын, ақпарат құралдарынан көзіміз шалған. Тасқыннан бір түнде екі қала мен төрт ауылды су басты. Ғаламтор желілеріне толассыз жауған жаңбырдан кейін «Тасаттық беріп Алладан жаңбыр сұрап нелерің бар еді» деп мысқылдағандар да табылды. Мысыққа ойын, тышқанға өлім керек деген осыда...

Маңғыстау облысында бір түнде екі қала мен төрт ауылды су басып қалса, Түркістан облысы Қазығұрт ауданында кемі алты ауылды жаңбыр суы алған. Тоқтаусыз жауған жауыннан жүрген селден 200 адам қауіпсіз жерге көшірілген. Сонымен қатар орасан мал шығыны да болды. Мұның барлығы табиғат апаты десекте, жергілікті биліктің төтенше жағдайларға аса мұқият болмайтынын болған оқиғалар көрсетіп тұр. Қала мен ауыл тұрғындарының жайбасарлығы да бар. Ерте көктемде есік алдындағы арық көздерін тазалауды көбісі ескере бермейді. Жергілікті биліктегілер де қауіп-қатер болған кезде ғана аттандап шауып, техникаларды жұмылдырып, водовоздармен су сорып жүргендерін көресің. Тосын жағдайлар болған кезде ауылды қай бағыттан тасқын су шаюы мүмкін екенін күні бұрын болжап, тоғандар қазып, тасқынның алдын алып ертерек қамдануға болады. Ол үшін бюджеттен арнайы қаржылар да қарастырылған. От пен судың тілсіз жау екенін біле тұра немқұрайлылыққа салыну – жауапкершіліктен құтқармайды.

Алматы облысындағы Текелі қаласында толассыз жауған жаңбырға ұласқан апаттан адам шығынына жол берілді. Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз хатшысының айтуынша, бұл жерде таңға жуық жауған жаңбырдың толастамауынан, тау етегінде орналасқан қара жол бойындағы құбырдың ескіруінен тамшылаған судың лай көшкініне себеп болуы мүмкін. Мұны арнайы комиссия анықтайтын болады дейді. «Жел соқпаса, шөптің басы қимылдамайды» демекші, егер лай көшкіннің қауіпті жол астындағы тозығы жеткен құбырға қатысты болса ше? Онда жауапкершілікті кім мойнына алады? Ұзындығы 50, ені 25 метр, ал биіктігі 9,5 метр, көлемі 4375 текше метр балшық тасқынға ұласқан. Нәтижесінде, бір жеке тұрғын үй қирап, бір үй балшық массасының астында қалған. Тұрғын үйлердің тағы төртеуінің аула аумағы ішінара балшық массасымен су астында қалып, Қонаев көшесін де басқанын айтуда. Куәгерлердің айтуынша, үйлердің бірінде 5 жасар қыз болыпты, ал қалған тұрғындар қауіпсіз жерде болған.

Оқиға орнында Алматы облысы ТЖД бастығының басшылығымен төтенше жағдайды жою жөніндегі штаб ұйымдастырылып, дереу іздестіру-құтқару жұмыстарына және төтенше жағдай салдарын жоюға ТЖД 81 қызметкер және 16 бірлік техника, ЖАО 30 қызметкер және 6 бірлік техника, оның ішінде 2 тиегіш, 4 камаз, ТЖМ Қазселденқорғау 9 қызметкер, 4 бірлік техника жұмылдырылған. АПБ 40 қызметкер, 7 бірлік техника, БСМК үш жедел жәрдем кареті жұмылдырылған. ТЖД пилотсыз ұшу аппаратының көмегімен орнатылған тепловизормен оқиға орнын аэровизуалды ұшу және алып жүретін тепловизорларды қолдана отырып іздеу жүргізілген.

Алматы облысының ТЖД жедел желі жұмысы іске кірісіп, толастамай жауған жаңбырдың әсерінен топырақтың батпақтануына ұласып, лайланған тасқын күш бермеген күйі тұрғын үйлердің ауласын басқан. Бұл арада Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз өкілінің айтқан сөзін ескерсек, ақауы бар құбырларға дер кезінде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізбегендіктен арты қазалы қайғыға ұласып отыр деп топшылауға негіз бар. Егер құрылған комиссия бұл версияның дәлелдігін анықтаса, үздіксіз жауған жаңбыр суы мен ескі құбырдағы тамшылаған су бірлесіп, топырақтың лайлауына дәнекер болмақ, дейді Төтенше жағдайлар департаменті. Төтенше жағдайға байланысты жеделтету әрекетінде «Багира» атты қызметтік итімен балшық массасының ағуы кезінде қаза тапқан 2016 ж.т. қыздың денесі бұзылған үйінді астынан табылған. Міне, қамданбай қапы қалғандықтан өрімдей бүлдіршіннің өмірі қиылды. Лай көшкіні кезінде бес жасар қыз жоғалды деген ақпарат тарағанда аман болуын тілеген және зәреқұты қалмаған текеліліктердің үміті ақталмады. Сәбиді іздеуге 200-дей адам жұмылдырылды. Айналаны шарқ ұрып іздеген адамдардың ізін ала барған қызметтік ит сәбидің денесін тапты. Одан бөлек, батпақ астында қалған бес үйдің бірі, лай көшкіннің астында қалған. Қираған баспаналар қалыбына келер. Ал қапияда ғұмыры үзілген солқылдап есіп келе жатқан жас шыбық, бүлдіршінді кім тірілте алады? Басқа-басқа, Алматы облысы су тасқыны мен жер сілкісінен сабақ алуы тиіс еді. Қызылағаштағы қырғыннан кейін жетісулықтар етек жеңін әлі толық жинамағанын Текелідегі лай тасқыннан көруге болады. Әсілі, табиғат апаты жиі болатын Текеліде жер сілкінісі де тіркеліп тұрады. Енді, міне, жаңбыр суымен араласқан лай көшкіні ел-ді тағы дүрліктірді. Қала билігінің жайбасарлығынан лай басқан Қонаев көшесін тездетіп ашып, сел шайған үйлердің тұрғындарын Текелі қаласындағы қонақ үйлерге уақытша орналастыру – сасқан үйрек артымен сүңгидінің кері... Біздің жергілікті билік «болары болып, бояуы сіңгенде» ғана атқа қонатын әдеті бар. Әйтпесе, «Қазселденқорғау» мекемесі тек Текелі ғана емес, облыстың барлық елді мекендеріне, әсіресе, тау бөктерлеріне жар-қабаққа орналасқан тұрғын үйлердің селден,

лай көшкіннен келетін қауіптің картасын сызып дабыл қағып отырса, қауіп-қатердің алдын алған болар еді. «Жаңбыр басылды, жағдайды бақылауға алып, назарда ұстаймыз» дегендері тілсіз жау кеткен соң қылышыңды қиға шапқанмен бірдей ғой. Текелі қаласына барып Қонаев көшесінің бойымен жүрсеңіз тау етегінде орналасқан үйлерге расында қауіп-қатердің бар екенін көзбен көресіз. Мұндай оқиға былтыр Қарасай ауданында да болған. Жергілікті биліктің салғырттығынан тозған құбырдан тамшылап тұрған су, жаңбыр суымен қосылып селге ұласқан-ды. Табиғат апатына бей-жай қарауға мүлде болмайды. Тосыннан келген апат деп қаншама жуып-шайғанмен бұл жерде адам тағдыры басты фактор болып тұр. Төтенше жағдайлар департаменті ауа-райына байланысты алдын ала ұялы телефондарға хабарлама жіберіп тұрады. Қауіпті аймақта болуы мүкін деген жеделхатты тұрғындарда назарына ала бермейді. Оның арты орны толмас өкінішке ұрындыратынын айтудың өзі ауыр. Қар көбесі сөгіле бастаған кезден бастап, дабыл қағылып жатады. Тау бөктеріндегі қарлар еріп кеткенмен құзар шыңдардағы қардың еруі енді басталады. Күн ысыған сайын таудан аққан қар суы мен құбылған ауа-райының жауын-шашыны селге, тасқынға айналып жатады. Ал жергілікті билік мұны табиғаттың тосын апаты деп жуып-шайғысы келеді. Негізі мұндай тосын оқиғаларға жіті мән берілу керек. Қауіпті аймақтарда тұратын тұрғындардың тізімі жасақталып, апатты өңірлердің сызбасы сызылып тұрақты бақылауда болмаса, тосын апаттар болғанда орны толмас залалдарға жол беріледі. Оның басты дәлелі, Қазақстанның Батыс өңірлері мен Түркістан, Алматы облыстарында болып жатқан тасқын сел мен лай көшінін айтсақ та жеткілікті. Түркістанда адамдарды қауіпсіз аймаққа көшіргенімен мал шығынына жол берілді. Бұл дегеніңіз, ауылдағы күн көрісі малға қарап қалған тұрғындардың ішіп-жем рызығын жойып жібергенмен бірдей. Ал адам шығынына жол берген Алматы облысы, Текелі қаласының жергілікті билігі қазалы үйге көмек қолын созғанымен бақилық болған баласын батпақтан жасап бере алмайды...

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Онда мал шаруашылығын және автожол саласын дамыту мәселелері қаралды. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Жол саласын дамыту мәселесіне қатысты Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев баяндама жасады. Өңір басшысының айтуынша, биылғы жылы жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеуге 59 млрд. теңге бөлінген. 150 елді мекендегі көшелерді және 500 шақырым облыстық жолдарды жөндеу басталды. Жыл соңына қарай жақсы жағдайдағы облыстық жолдардың үлесі 91% жетеді. «Мықты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін 1700 шақырым жолды жөндеудің барлық түрімен қамту жоспарланған.

Қанат Бозымбаев Алматы қаласынан көліктің шығуын жеңілдете түсу мақсатында жоғарғы Қаскелең трассасы мен Талғар тракты жолдарын бірінші санатқа дейін жеткізіп, қайта жаңарту көзделіп отырғанын да атап өтті. Үлкен Алматы айналма жолына шығатын алты жол салынады. Сайын, Абай, Рысқұлов, Солтүстік айналма көшелерін салу жұмыстары басталды. Осы жылы 8,5 млрд. теңге бөлінді. Бұл шаралар 2025 жылға қарай жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы облыстық маңызы бар жолдардың үлесін 95 пайызға жеткізуге мүмкіндік береді.

Өз сөзінде облыс әкімі республикалық маңызы бар жолдың проблемалы учаскесі туралы да айтты. *«2021 жылдан бастап «Сарыөзек-Көктал» автомобиль жолының Алтынемел асуына күрделі жөндеу жүргізілуде. Бұл жол облыс орталығын Кербұлақ, Панфилов аудандары арқылы «Қорғас» шекара маңы аймағымен байланыстырады. Жол төсемі 90 пайызға бұзылған. Жобаның жалпы құны – 7 млрд. теңге, оның ішінде биылғы жылы 1 млрд. теңге ғана бөлінді. Бір айдың ішінде қаржы бітетін түрі бар. Жолдың транзиттік әлеуетін ескере отырып, осы жылы қаржыландыру сомасын 5 млрд. теңгеге ұлғайтуға жәрдем беруіңізді сұраймыз, бұл облыс тұрғындарының жол жүруін қамтамасыз етеді»* – деді Қанат Бозымбаев.

Баяндамада барысында аймақ басшысы бірқатар өзекті мәселелерге де тоқталды.

Жиын қорытындысында Премьер-Министр тиісті ведомстволар мен облыс әкімдіктеріне жоспарланған жобаларды уақытында пайдалануға беруді және бөлінген қаражатты толық игеруді қамтамасыз етуді тапсырды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ТӘРБИЕ

БҮГІНГІ БАЛА – ЕРТЕҢГІ БОЛАШАҚ

ӘР БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫ, ОНЫҢ МОРАЛЬДИК ДАМУЫ ҮШІН ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ КҮНДЕРДІҢ ТАЛАБЫ, ОҒАН ПЕДАГОГТЫҢ КҮНДЕЛІКТІ КӨҢІЛ БӨЛУІ ТАЛАП ЕТІЛЕДІ. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ НЕҒҰРЫМ БЕЛСЕНДІРЕК БОЛЫП, БАЛАНЫҢ СЕЗІМДЕРІН ЖАН-ЖАҚТЫ ҚАМТЫҒАН САЙЫН ОЛАРДЫҢ ЕРІК-КҮШІН ЖҰМЫЛДЫРЫП, САНАСЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ. МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУЫ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ТЫҒЫЗДЫҒЫ АРТҚАН САЙЫН ОЙДАҒЫДАЙ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ.

Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін өзіндік ерекше жағдайлар керек. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ, ұйымшылдық, жауапкершілік парыздық сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар қалыптасқан сайын, дамуы да жан-жақты болары сөзсіз. Тәрбиенің кез келген түрі балаға оң әсер етіп, жақсы нәтижеге жетелері анық. Соның бірнешеуінің маңыздылығына тоқтала кетсек.

Адамгершілік тақырыбы мәңгілік. Ол ешқашан ескірмейді. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқымда, отбасымда, олардың өнерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Рухани адамгершілік тәрбие – екі жақты үдеріс. Бір жағынан, бұл үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан оқушылардың белсенділігі мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Педагогтың балалармен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс-әрекетінде, балаларға арналған шығармаларымен, суретшілер туындыларымен танысу негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбексүйгіштікке, ізгілікке ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегін нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Қай заманда адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін ақыл-парасаты мол мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақты азаматтық пен имандылыққа баулу. Бұл саладағы күш-жігер, алдымен, бүлдіршіндерді отаншылдыққа тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. «Отан» деген ұғым балаға дүние есігін ашатын туған жері, кең байтақ, гүлжазира даласы. Отанды сүю халық ауыз әдебиетінде, ақын жырауларының шығармаларында, халықтың тәрбие-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, отбасындағы тәрбие, халық ойындары мен мерекелері, музыкалық шығырмалары, бейнелеу өнері, қол өнері туындыларында тәр-биелік мазмұнда көрініс тапқан. Жас ұрпақты намысшылдыққа, ерлікке, отаншылдыққа «Ер жігіт елі үшін туады» деп, кішіпейілдікке «Кішіпейіл болсаң, кішіреймейсің» деп, бауырмашылыққа, білімпаздылыққа, ақылдылыққа «Ақыл азбайды, білім тозбайды» десе, тазалыққа «Тазалық – саулық кепілі» деп бойына сіңіре білуіміз дұрыс.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы – балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер нені айтса соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетін бәрімізде білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені – ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек, жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер, берер тәлімі мол болмақ.

Айдана ЕРЖАНОВА,
К. Ушинский атындағы №7 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі.

МЕКТЕБІНДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

«БАЛАЛАР – МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ. ОСЫ ОРАЙДА «А. МАКАРЕНКО АТЫНДАҒЫ № 6 ОРТА МЕКТЕБІ МДШО» КММ-ДЕ ЖЕТІСУ ӨҢІРІНЕ ҒАНА ЕМЕС, БҮКІЛ ҚАЗАҚҚА АТЫ МӘШҺҮР ЖЫР ЖАМПОЗЫ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ РУХЫНА АРНАП ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БІРЛЕСТІГІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРІ К. АҚЫШЕВА, Д. ОРАЛОВА, Қ. ЖАНАТҚЫЗЫ, З. АЙТМУКАЕВА, А. НҰРҚАНОВАЛАР «ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК» АТТЫ ӘДЕБИ-САЗДЫ КЕШ ӨТКІЗДІ.

Әдеби кештің шымылдығы 11 «а» сынып оқушысы Бекзат Жұмажанның «Жамбыл атаға» жазған хатын оқумен ашылды. Аталған іс-шараға мектеп оқушылары белсене қатысып, ғасыр ақынының бірнеше өлеңін нақышына келтіріп оқыды. Сонымен қатар кешке жас Жамбылдың Сүйінбай ақыннан бата алуымен қатар, айтыстан үзінді келтіріліп, әнмен әрленіп, Жамбылға арналған арнау өлеңдер де оқылды.

Кеш барысында мектеп директоры А. Бокенбаева өзінің жылы лебізін жеткізді. Өз сөзінде ол «Балалар жылы» аясында өткізіліп жатқан іс-шараға қатысушы оқушыларға алғыс айтып, жыр дүлдүлі Жамбыл атамыздың шығармашылығын насихаттауға үлес қоса берулерін тіледі.

Әдеби-сазды кеште жыр алыбының өнерпаздық жолы, кешеден бүгінге жеткен мұра-мирастары ерекше айшықталды.

Саягүль ЕРКЕНБЕКОВА,
Зормамед ОСПАНОВ,
А. Макаренко атындағы №6 орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері.

ҰСТАЗ ОЙЫ

БІЛІМ НЕГІЗІ – БАСТАУЫШТА

Ұрпақ болашағын ойлайтын әрбір мұғалім өз шәкіртінің білімді, сауатты болып өсуін қалайды. Ал білімге, өнерге, ғылымға апарар жол бастауыш сыныптан басталады. Сондықтан жаңа оқу жылы басталып, алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің заман талабына сай білім алып, ақпараттық технологияны еркін меңгеруіне жағдай жасау бүгінгі күннің басты мақсаты.

Бастауыш сыныптың негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады. «Білім негізі – бастауышта» демекші, білім берудің алғашқы атасы – бастауыш білім. Баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылық ойлауға, өз бетінше шешім қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – мұғалімдердің міндеті.

Қазіргі таңда жаңа бағдарламаны әрбір мұғалімнің іс-тәжірибесіне енгізу мектебіміздің басты талабына айналып, бүгінгі күні, алғашқы нәтижесін де бере бастады. Жас ұрпақты ойлы да іскер, жігерлі де батыл, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің орны ерекше. Ол қоғамның дамуымен де, әлеуметтік тәжірибемен де тығыз байланыста. Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашады, рухани жан дүниесін қалыптастырады. Әсіресе, адами құндылықтарға баулудағы алғашқы баспалдақ болып табылатын бастауыш білім беру мекемесінің маңызы өте зор.

Бастауыш білім беру – ең маңызды әрі жауапкершілігі мол сала. Мектеп табалдырығын аттаған жас бала ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасаттылық даму жолына салу – алғашқы ұстаздың жұмысы. Білім мен тәрбие берудегі біздің ұстанымымыз – «табысты мұғалім – табысты оқушы – табысты мектеп».

А.РЫСКУТОВА,
Екіаша орта мектебі КММ әлеуметтік педагог және бастауыш сынып мұғалімі.
САРҚАН АУДАНЫ

Дүйсенбі - Понедельник, 23 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Masele»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.30 Т/х «Орман иесі»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Арта»
16.05 «Ізгілік ізі»
16.35 «Көңіл толқыны»
17.15 «Шабдалы 18»
20.35 «Ashyq alan»
22.25 «Жат мекен»
23.20 «1001 түн»
01.00 «Ashyq alan»
01.55 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00 Кино. «Брат или Брак-2»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит «Все деньги мира»
12.00 Т/х «Шашу»
13.00, 22.30 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
15.00 «Бүгін»
16.00 Кино «Он и Она»
18.00 Мегахит. «Овердрайв»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Вторая республика»
20.50 «На особом контроле»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Құстар әні»
00.00 «Народный контроль»
00.30 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 01.45 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.45 «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «SarapTimes»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Сериал «Преподы»
15.35 Кино
17.35 «Кішкентай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Өткінші жаңбыр»
20.00, 03.20 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
02.25 «SarapTimes»
04.20 Үздік әзілдер

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша city»
06.45 «Той Заказ»
07.25 «Жить здорово»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Любовь Полищук, последнее танго»
10.50 Сериал «Сново один на всех»
14.00, 02.15 «НОВОСТИ»
14.15, 02.30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Ментовские войны-3»
00.20 Сериал «Ваша честь»
02.35 «Паутина»
04.35 «Той заказ»

КТК

07.05 «Мерекелік концерт»
07.50 «Дау-дамайсыз»
08.15 Т/х «Бір кем дүние»
10.00 «Мұңды ызғар»
12.00 «Юморина»
14.20 «Дорога, ведущая к счастью»
16.20 «Женские секреты»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 OZAT ОТБАСЫ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Возвращение»
01.20 «Верни мою любовь»
02.10 «Мұңды ызғар»
03.40-04.10 Әзіл-күлкі

ЖЕТІСУ

07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Сыр шертер»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 «Жанашыр»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Референдум-2022»
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Дәрігер кеңесі»
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 10.10 М/с «Лило и Стич»
07.00 Ризамын
07.30, 02.40 31 әзіл
08.30, 01.00 Сериал «Ханшайым»
09.30 М/с «Маша и медведь»
10.40 Кино «Автобан»
12.40 Худ/ф «Инферно»
15.20 Худ/ф «Рокки»
18.00, 19.00 Сериал «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан ұя»
21.55 «Я все еще знаю, что вы сделали прошлым летом»
23.50 Сериал «Анупама»
01.40 Сериал «49 күн»
04.00 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.40, 02.20 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.10 «Серт пен Сезім»
08.10, 22.30 Т/х «Қадам»
09.00, 16.20 «Идеальная семья»
10.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
11.00 Худ/ф «Матрица времени»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q-ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 01.20 «Гадалка»
18.30, 00.15 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
19.30 Сериал «Позднее раскаяние»
21.30 Т/х «Аппақ келін»
23.20 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
00.50 «Студия 7»
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

Открылось наследство после смерти Даутпаева Булата Есимхановича, умершего 20 июля 2013 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146-4, телефон: 41-37-73, со дня выхода объявления в течении месяца.

Сейсенбі - Вторник, 24 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.30 Т/х «Орман иесі»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Тәуелсіздік тарландары»
15.30 «Ауылдастар»
16.05 «Көңіл толқыны»
17.15 «Шабдалы 18»
20.35 «Ashyq alan»
22.25 «Жат мекен»
23.20 «1001 түн»
01.00 «Ashyq alan»
01.55 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00 Кино «Он и Она»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит «Овердрайв»
12.00 Т/х «Шашу»
13.00, 22.30 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
15.00 «Большая неделя»
16.00 Кино «04:29»
18.00 Мегахит. «Земля гангстеров»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Екінші республика»
20.50 «Ерекше бақылауда»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Құстар әні»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 01.45 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.45 «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «SarapTimes»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Сериал «Преподы»
15.35 Кино
17.35 «Кішкентай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Өткінші жаңбыр»
20.00, 03.20 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
02.25 «SarapTimes»
04.20 Үздік әзілдер

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша city»
06.45 «Той Заказ»
07.25 «Жить здорово»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10 Сериал «Желтый глаз тигра»
14.00, 02.15 «НОВОСТИ»
14.15, 02.30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Ментовские войны-3»
00.20 Сериал «Ваша честь»
02.35 «Паутина»
04.35 «Той Заказ»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.25 OZAT ОТБАСЫ
08.15 Т/х «Бір кем дүние»
10.00 «Мұңды ызғар»
12.00 НОВОСТИ
12.40 «Возвращение»
14.20 «Дорога, ведущая к счастью»
16.20 «Женские секреты»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 OZAT ОТБАСЫ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Возвращение»
01.20 «Верни мою любовь»
02.10 «Мұңды ызғар»
03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.40 «Референдум-2022»
10.55 «Қазақ үні»
11.30 «Жанашыр»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Арнайы репортаж»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Референдум-2022»
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 10.10 М/с «Лило и Стич»
07.00 Ризамын
07.30, 02.40 31 әзіл
08.30, 01.00 Сериал «Ханшайым»
09.30 «Я все еще знаю, что вы сделали прошлым летом»
12.40 Худ/ф «Рокки»
15.20 Худ/ф «Рокки-2»
18.00, 19.00 Сериал «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
21.55 «Кровавый спорт»
00.00 Сериал «Анупама»
01.40 Сериал «49 күн»
02.40 31 әзіл
04.00 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.40, 02.20 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.10 «Серт пен Сезім»
08.10, 22.30 Т/х «Қадам»
09.00, 16.20 «Идеальная семья»
10.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
11.00, 19.30 Сериал «Позднее раскаяние»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q-ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 01.20 «Гадалка»
18.30, 00.15 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Аппақ келін»
23.20 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
00.50 «Студия 7»
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна online»

Считать недействительной утерянную карточку допуска (международные перевозки грузов) за № 064841 на автомашину Volvo FH 808NNB05 ИП «Гаджапов. А»

Сәрсенбі - Среда, 25 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.30 Т/х «Орман иесі»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 Деректі фильм
15.40 «Ауылдастар»
16.15 «Көңіл толқыны»
17.15 «Шабдалы 18»
20.35 «Ashyq alan»
22.25 Т/х «Жат мекен»
23.20 «1001 түн»
01.00 «Ashyq alan»
01.55 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00 Кино «04:29»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит. «Земля гангстеров»
12.00 Т/х «Шашу»
13.00, 22.30 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
15.00 «Бүгін»
16.00 Кино «Бойжеткен. Все из-за нее»
18.00 Мегахит. «Линкольн для адвоката»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Құстар әні»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 01.45 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.45 «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Сериал «Преподы»
15.35 Кино
17.35 «Кішкентай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Өткінші жаңбыр»
20.00, 03.20 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
02.25 «Айтарым бар»
04.20 Үздік әзілдер

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша city»
06.45 «Той Заказ»
07.25 «Жить здорово»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10 Сериал «Желтый глаз тигра»
14.00, 02.15 «НОВОСТИ»
14.15, 02.30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Ментовские войны-3»
00.20 Сериал «Ваша честь»
02.35 «Паутина»
04.35 «Той заказ»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.25 OZAT ОТБАСЫ
08.15 Т/х «Бір кем дүние»
10.00 «Мұңды ызғар»
12.00 НОВОСТИ
12.40 «Возвращение»
16.20 «Женские секреты»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 OZAT ОТБАСЫ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Возвращение»
01.20 «Верни мою любовь»
02.10 «Мұңды ызғар»
03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.40 «Референдум-2022»
11.00 «Сегодня»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Мамандық маңызы»
20.15 «Қасиетті Қонаев»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Референдум-2022»
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 10.10 М/с «Лило и Стич»
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30, 01.10 Сериал «Ханшайым»
09.30 М/с «Маша и медведь»
11.10 Худ/ф «Кровавый спорт»
13.10 Худ/ф «Рокки-2»
15.50 Худ/ф «Рокки-3»
18.00, 19.00 Сериал «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 Честно говоря
21.10 Сериал «Ұшқан Ұя»
22.05 Худ/ф «Двойной удар»
00.20 «Анупама»
02.00 Сериал «49 Күн»
04.00 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.40, 02.20 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.10 «Серт пен Сезім»
08.10, 22.30 Т/х «Қадам»
09.00, 16.20 «Идеальная семья»
10.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
11.00, 19.30 Сериал «Позднее раскаяние»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q-ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 01.20 «Гадалка»
18.30, 00.15 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Salem, Men Nurlan Koyanbaev»
23.20 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
00.50 «Студия 7»
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕЙ

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ, МІНЕЗІ КӨРКЕМ СӘБИТ АҒА

АДАЛ ЕҢБЕГІМЕН, ӨНЕГЕСІМЕН, АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІМЕН, БАСШЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАБІЛЕТІМЕН ЕЛ МҮДДЕСІ ЖОЛЫНДА ТЕР ТӨГЕ ЕҢБЕК ЕТІП, ЕСІМІН ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ АЛТЫН ӘРІПТЕРМЕН ЖАЗЫП ҚАЛДЫРҒАН ЕЛ АҒАЛАРЫНАН ЕЛІМІЗ КЕНДЕ ЕМЕС. СОНЫҢ БІРІ – МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ СӘБИТ ЖҰМАБАЙҰЛЫ БИБОЛОВ.

Сәбит Жұмабайұлының өміршең өнегесін жіпке тізіп, көз алдыңнан өткізсең, көңіл көкжиегің кеңіп, тұлпар тектес тұлғаның бүкіл болмыс-бітімі көш жерден көрініс береді. Ол 1947 жылдың 20 мамырында талай даналар мен ойшылдар дүние есігін ашқан жер киесі Жетісу жерінде туған. Бір басында би, батыр, қолбасшы, әулиелік ғаламат қасиет бар, мың жылда бір туатын аса кемеңгер тұлға Ескелді бабаның тікелей ұрпағы.

Мектеп пен университетті үздік аяқтап шыққан соң 1968 жылдан бастап Ескелді ауданындық «Жетісу шұғыласы» – «Заря семиречья» газетінде аудармашы болып, кейін ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі міндетін атқарды. Мұнан соң газетте жауапты хатшы, редакторлдың орынбасары, бірінші орынбасары, редактор болып қызмет етті. Ағамыз кеңестік кезеңде білім қуып, жоғары оқу орнында оқып, мамандық алып, еңбекке араласқан соң қалған саналы өмірін еліміздің дамуына арнап келе жатқан біртуар тұлға.

Ол кезде білімі терең, өзі іскер, тәжірибесі мол мамандарға жас болса да үлкен сенім артылатын. Басты талап – істің бабын тауып, ұйымдастыра, ұжымды ұйыстыра алу, сөйтіп, жұмыстың нәтижесін көрсету болатын. Жігерлілігін көрсеткен, әрі бас бола білген Сәбит Биболов мол тәжірибенің арқасында ерен еңбегі еленіп, 1981 жылдан бастап Ескелді аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. Содан 1999 жылға дейін осы жұмысты жемісті атқарды. Осы бөлімде қызмет еткен жылдарда аталған аудандағы үш халық театрын, үш халықтық ансамбльдерін ұйымдастырған. Бұлардың барлығына мәдениет минстрлігінің шешімімен «Халықтық» атағы берілген. Осы халықтық мәдени ұжымдар аудан, облыс, республика көлемінде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де өнер көрсетті. Атап айтқанда, Африкадағы Гвинея-Бисау елінде, Монғолияда, Украинада, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Ресейдің Кабардино-Балкария Республикасы мен ел астанасы Мәскеуде, Қытайда және тағы да басқа елдерде болды. Сол кездегі эстрада ансамблі Польша мен Сібір жеріндегі конкурстарға қатысты осы ұжымдарды ұйымдастырып, олардың кәсіби деңгейін көтеруге үлес қоса жүріп, өзінің шығармашылық деңгейін арттыруды да ұмытқан жоқ.

Ал газет басшылығында жұмыс атқарған жылдарда оның мазмұнын жақсарту және полиграфиялық безендіру жөнінде төрт рет республикалық байқауларға қатысып, Қазақ ССР-і, Министрлер Советі баспа, полиграфия және кітап саудасы, «Қазақстан Журналистер одағы басқармасы жөніндегі мемлекеттік комитеттің үш рет республикалық байқауының жүлдегері атанып, төрт рет бірінші және бір рет үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталды. Ол қандай жауапты қызметтер атқарса да шарапаты мен жақсылығын халықтан аяның қалмады.

Осы уақытқа дейін туған өлке, ел мәртебесін көтерген азаматтар жайлы және өз бойындағы қуаныш пен мұң араласқан тағдыры туралы повесть, эссе, көркем очерк пен әңгімелердің авторы атанып, жазушы қырынан ғана танылып жүрген жоқ. Сонымен қатар қазақ тарихының парақтарына томтом жазу қосып жүр. Оған «Бақтыбай ақын» мен «Ескелді би – даналық дариясы» атты өте құнды кітап-оқулықтары дәлел. Тағы да Сәбит аға әртүрлі жанрдағы өлеңдердің импровизаторы. «Қазақ радиосында» бірнеше мәрте шырқалған, оның алтын қорында сақталған жиынтық өлеңдердің композиторы.

Мемлекет пен ел алдындағы сіңірген еңбегі үшін Сәбит ағамыз «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» ордендерімен, ҚР «Құрмет грамотасымен» марапатталды. ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, Ескелді ауданының Құрметті азаматы атанды. Онымен қоса Қазақстанның үздік адамдар энциклопедиясына енді. «Еңбегіне қарай – құрметі» деген осы шығар.

Сәбит ағаның шығармашылық мұрасымен таныса келе оның жеке қырынан бөлек, мына әлемдегі жан дүниесіне қатысты құбылыстардың суретін шым-шымдай шыжымдап әуелі жүрекке, содан кейін қағазға түсіретін суреткер ретінде танылдық. Адамгершіліктің игі қасиеттерін бойына ұйытқан талант иесі сол бір ұлы жылылықты жазбалары арқылы өзінің ішкі жан дүниесін, жеңілі мен ауырын оқырмандарына жеткізді. Өмірдің өзіндей қарапайым тіршіліктен үлкен көркем ой қорыта білді. Әдебиет деген үлкен ағыста арыны қатты толқындай буырқанбағанымен де, оның мөп-мөлдір жазбалары жан түкпіріндегі иірімдерді қозғайды. Ағаның шығармаларында мұң да, мұнарлы елес те, табы басылмаған сағыныш та, өзегіңді өртеген өкініш те, сабырға шақыратын салауат та бар.

Бүгінде жетпіс бестің белесіне көтерілін, халқының қошемет-құрметіне бөленіп отырған көрнекті қайраткердің әлі де болса ел-жұртына, жалпы адамзат баласына берер рухани азығы мол бола бергей. Мерейлі жасыңыз құтты болсын, жаны жайсаң, жақсы аға!

Зейнегүл ЖҰМАБЕКОВА

БІЛІКТІ БАСШЫ, ҚАМҚОР ЖАН БОЛДЫ...

Мен 1982 жылы Кербұлақ ауданынан Қарабұлақ бес аудандық «Жетісу» өндірістік баспахана бірлестігіне ауысқан кезімде Сәбит аға редакцияда журналист болып жұмыс істеп жүргенінде алғаш рет танысып, қызметтес болдым. Кеңестік кезде білімі терең, өзі іскер, тәжірибесі мол мамандарға жас болса да үлкен сенім артылатын. Басты талап – істің бабын тауып, ұтымды ұйымдастыра, ұжымды ұйыстыра алу, сөйтіп, жұмыстың нәтижесін көрсету болатын. Жігерлілігін көрсеткен, әрі бас бола білген Сәбит Биболов ағамыз мол тәжірибенің арқасында, ерен еңбегі еленіп, Ескелді аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалып, ұзақ жылдар бойы осы саланы жемісті атқарып, халқына қалтқысыз қызмет етудің өнегелі жолын көрсетті.

Содан 1999 жылы газеттің жағдайы тұралап, жабылуға жақын қалғанда Сәбит аға редакцияға қайта оралды. Бұл редакция тарихында ең бір қиын кезең еді. Ол кезде редакцияның жағдайы мүшкіл, тағдыры, болашағы қыл үстінде тұрған. Атап айтқанда, газет редакциясы баспахана қызметі үшін, электр қуатына тағы да басқа төлемдер үшін жүздеген мың теңге қарызға белшесінен батып, қызметкерлері айлап жалақы ала алмай сабылып жүрген. Осындай қиын қыстау кезде газет редакторы қызметінен бас тартпай, тынысы тарылып бара жатқан газеттің қайтадан аяғынан тік тұрғызу мақсатында жұмысқа белсене кірісіп кетті. Алдымен газеттің шығуын тоқтатпаудың жағдайын ойластырып, Қарабұлақтағы баспахана жабылып қалғанына қарамастан Талдықорған қаласындағы баспаханаға бастырудың орайын келтірді.

Әділін айту керек, Сәбит аға газетке редактор болып келісімен істі ұтымды ұйымдастырудың жолын талмай іздестіруге құлшына кірісті. Жоқтан бар жасаудың амалын қарастырып, еселенген жігермен еткен еңбегі мен төккен тері өз нәтижесін бере бастады, осылайша, бірте-бірте құлдырап кеткен газеттің еңсесі көтеріле түсті. Бір сөзбен айтқанда, белшесінен қарызға батып, тығырықтан шығудың жолын таба алмай, жабылайын деп жатқан газетті қайтадан жандандырып, аяғынан тік тұрғызды.

Ол өте табанды әрі талапшыл басшы болды. Газет жұмысын қалпына келтіру де жүйкесінің қаншалықты жұқарғанын біз ғана жақсы білеміз. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, сол кезде біз жұмыс істеп жүрген аудандық газеттің тоқтаусыз шығып, көшке ілінгені, қызметкерлердің санын алты адамнан он екіге дейін жеткізгені, тікелей Сәбит ағамыздың қайсарлығы мен жігерлілігінің арқасында жүзеге асқаны ешкімге құпия емес.

Сайып келгенде, редакция барлық қарыздарынан құтылып, қызметкерлері де жалақы алатын жағдайға қол жетті. Ол газетті шығарудың жаңа технологиясына көшуді де бірінші болып қолға алды. Мен баспаханада ұзақ жыл жұмыс істегендіктен бұл саланың барлық кәсібін жапсарлас меңгеріп алғанмын. Баспахананың бұрынғы тәсілі ескіргендіктен мен жаңа мамандықты меңгердім де редакцияға дизайнер-оператор болып ауыстым. Сөйтіп, Сәбит ағаның тікелей басшылығымен бір ұжымда қоян қолтық еңбек еттім. Осылайша, ағамызбен бірге газеттің ыстығына күйіп, суығына тоңып көп жыл бойы бірге жұмыс істедік.

Сәбит аға өте еңбеккор, кең пейілді қайырымды, кез келген адаммен оңай тіл табысып, ақыл кеңесін айтып отырудан жалықпайтын жан. Қызметкерлердің бәрін бөле жармай, оларға қамқорлық көрсетіп, өзінің қара басын күйіттемей, өзгенің қамын ойлап тыным таппайтын. Менің өз басыма да Сәбит ағаның жасаған жақсылықтарын айтсам ол ұзақ әңгіме болар еді. Мен оларды ешқашан ұмытпаймын. Ұжымның жағдайын ойлап, байыз таппай жүретін ағамыз жалақыны уақтылы бергізіп, кейде сыйақы берудің де көзін табатын. Тағы бір есте қаларлық жай, бәріміз жалақы ала алмай зарығып жүргенде, Сәбит ағамыз қалтасынан бәрімізге конвертке салып, азын-аулақ ақша беріп, оған қоса өзінің жеке мадақтау қағазын тапсырғаны да біз үшін тосынсый әрі ағамыздың жомарттығы ретінде жадымызда жатталып қалды.

Біздің ұжым оны басшы ретінде ғана емес, парасатты азамат ретінде, қамқор жан ретінде қатты сыйлаушы еді. Біздің төл мерекемізде табиғат аясына барып тынығуды да назардан тыс қалдырмайтын. Ағамыз 70 жасына дейін газетті басқарып, өз міндетін мінсіз атқарды. Осы жерден зейнет демалысына шықты. Мен де биылғы жылдың ақпан айынан бастап, зейнеткерлікке кеттім. Алайда біз редакция ұжымымен тығыз байланысып тұрамыз. Мен осындай ұжымда Сәбит ағамыздың басшылығымен еңбек еткенімді мақтан етемін. Ағамызды мерей жасқа толып отырған қуанышымен құттықтай отырып, Бисара апайымызбен бірге бақытты да ұзақ ғұмыр кешуіне шын жүректен тілектестігімді білдіремін!

Қатипа ӘЛІМХАНОВА,
Талдықорған қаласының тұрғыны

ҚҰТТЫ БОЛСЫН – 75 !

Кеудесіне күмбірлеген күй толып,
Немерелер шаттық нұры сый болып.
Жетпіс бестің биігінен қарайды,
Белестерге Сәбит аға Биболов.

Өтті талай шуақ күндер, бұрқасын,
Сәбең шалды армандардың қырқасын.
Дариядай шалқар көңіл қария,
Сізге арналып өмір әні шырқалсын.

Абыз дана өмір жүгін өңгерген,
Ақыл сұра-деймiз көпті көргеннен.
Мақтанады немере мен шөбере,
Еңбегі үшін төске таққан Орденмен.

Өтер уақыт қайтып көзге көрінбес,
Сынаптайын сырғығаны сезілмес.
Сәбит аға келіп жеткен бүгінгі,
Құтты болсын мерейлі жас –Жетпіс бес!

Қыдыр БАЙДҮЙСЕНОВ.
ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ

ҚИЫН КЕЗДЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

Сәбит Жұмабайұлы Биболовтың есімі бүкіл Жетісу өңіріне, тіптен республика көлемінде кеңінен танымал екені даусыз. «Жігітке жеті өнер де жарасады» дегендей, ол өн бойына туа біткен бірнеше қасиеттерді жинақтаған білікті де беделді, білімді де өнегелі азамат болғанын атқарған еңбек жолдары мен ойып қалдырған өзіндік өнегелі істері арқылы көзіміз жетіп жүр. Ол қаламы қарымды журналист ретінде ғана емес, оқырмандарға ой тастайтын құнды оқулықтар мен шығармалар жазудың да шебері екенін таныта білген қаламгер. Қандай істі қолына алса да дөңгелетіп әкететін туа біткен қасиетінің арқасында бесаспап ағамыздың басқарған ұжымының ісін ілгері бастырып, көсегесін көгертіп жібереті біздің жоғарыдағы пікірімізді жарқын дәлелі болса керек. Ескелді аудандық «Жетісу шұғыласы – Заря семиречья» газетін ұзақ жыл басқарып, тамаша табыстарға жетелегенімен қатар, аудандық мәдениет бөлімі басқарған жылдар ішінде аталған ауданда үш халық театрын, үш халықтық ансамбльдерін ұйымдастырған. Бұлардың барлығына мәдениет минстрлігінің шешімімен «Халықтық» атағы берілген. Осы халықтық мәдени ұжымдар аудан, облыс, республика көлемінде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де өнер көрсетті. Сол кездегі эстрада ансамблі Польша мен Сібір жеріндегі конкурстарға қатысты. Бұған қоса туған өлке, ел мәртебесін көтерген азаматтар жайлы және өз бойындағы қуаныш пен мұң араласқан тағдыры туралы повесть, эссе, көркем очерк пен әңгімелердің авторы атанып, жазушы қырынан ғана танылып қоймай, сонымен қатар қазақ тарихының парақтарына том-том жазу қосып жүргені «Бақтыбай ақын» мен «Ескелді би – даналық дариясы» атты өте құнды кітап-оқулықтары дәлел бола алады. Будан бөлек, Сәбит ағамыз әртүрлі жанрдағы өлеңдердің импровизаторы. «Қазақ радиосында» бірнеше мәрте шырқалған, оның алтын қорында сақталған жиынтық өлеңдердің композиторы. Сол себептен мемлекет пен ел алдындағы сіңірген еңбегі үшін Сәбит ағамыз «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» орденддерімен, ҚР «Құрмет грамотасымен» марапатталған. ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Жазушылар және Журналистер Одақтарының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, Ескелді ауданының Құрметті азаматы атанған. Онымен қоса ағамыз Қазақстанның үздік адамдар энциклопедиясына енген. Адал еңбегімен абыройға бөленген ағамыздың атқарған игілікті істері жайлы айта берсек таусылмайды. Мен енді Сәбит ағамыздың адами қасиеті туралы тоқтала кеткім келеді. Әріптестерінің ағамыз жайлы әрқашан жылы лебіз білдіріп жүретініне сырттай қанық болатынмын. Ал, мына бір жағдайдан кейін оған өзімнің де көзім анық жетті.

Текелі қаласында еңбек еткен соңғы жұмыс орным Текелі кенді қайта өңдеу кешені жабылып, кәсіпорынның баспасөз қызметінен босап, Талдықорған қаласына келдім. Содан жұмыс табу оңай емес, барлық жерде адам толық, сенделіп бірер жыл жүрдім. Тіпті, бұрын қызметтес болған газет басшыларының өздері де орын тауып, жұмысқа қабылдауға мүмкіндік таппай жатты. Тиып қашып, облыстық газетке штаттан тыс тілші ретінде мақалалар жазып, азын аулақ қана тиын тебен алып жүргенімде кезімде, Сәбит ағамыз қоңырау шалды. Шынын айтуым керек, бұрын өзімен қызметтес болмаған, атына және атақтарына сырттай ғана таныс ағамыздың қызметке шақырғаны қатты таңдандым әрі бұл мен үшін тосынсый болды. Бірінші кездескеннен-ақ, шүйіркелесіп әңгімелесіп, бауырына тартып әкетті. Содан жұмысқа қабылдады және маған қолайлы жағдай да туғызып берді. «Кабинетте қадалып отыру сенің міндетің емес, сенің басты мақсатың мен берген тапсырманы уақытында орындап, газетті құнды да көлемді әрі мазмұнды, көкейкесті мақалалармен қамтамасыз етіп тұру», – деп қадап айтты. Сөйтіп, күтпеген жерден қызметке қабылданып, міндетімді мінсіз атқаруға кірісіп кеттім. Екі жылдан астам бірге қызмет істегенде ағамыздың қызметкерлеріне айтар ақылының, көрсеткен көмегінің таусылмайтынына көзім жетті. Сондықтан Сәбит ағамыздың осы жақсылығы менің жадымда жатталып қалды. Асыл ағамыз мерейлі жетпіс бес жасқа толып отыр. «Тау алыстаған сайын биіктейді» дегендей, Сәбит ағамыздың да жасына жас қосылған сайын артында қалдырған өнегелі істері арқылы беделі биіктеп, абыройы асқақтай түсері ақиқат. Ендеше, мен, отбасымның атынан Сәбит ағамды Бисара тәтемізбен екеуі балалары мен немерелерінің, шөберелерінің қызықтарын көріп, жемістерін жеп, дендері сау болып, ұзақ жасауларына шын жүректен тілек білдіреміз!

Шора БАТЫРБАЕВ,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҰМСА ТАБИҒАТ

ЖАҚҰТ МЕКЕН

Елімізде табиғаты сұлу, көрікті орындар жетерлік. Исі аңқыған, гүлдерге толы құлпырған дала мен биіктігі бұлттарға дейін жететін аспан таулар немесе табиғаттың тылсым құпияларына толы түрлі мекендер бар. Мұндай жерлердің жұртшылық қызығушылығын арттырып келетіні қуантады. Алыс-жақын шетелдіктердің қызығушылығын арттырған орындарға саяхаттап бару бізге де бұйырыпты.

Жетісу

Ат басын тіреген елді-мекен – Жетісу жерінің сұлу аймағы аталатын, хан тәңірі, мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың туған өлкесі – Кеген ауданы. Атап айтсақ, Алатау мен Аспан таудың (Тянь-Шань) табиғи байлығы саналатын – Көлсай көлдері мен Шарын шатқалы. Бұл ауданда орналасқан осы аймақтарға келу – кез келген турист үшін қызық әрі жұмбақ.

Көлсай – күнгей Алатаудың Күрметі және Саты асуларынан бастау алған кішігірім өзендер: Шелек, Қайыңды, Көлсай суларынан пайда болған үш көл жүйесі. Олар 1887 жылы және 1911 жылдары пайда болған. Әлемге әйгілі көлдің екі ғасырға жуық тарихы бар. Ал Мемлекеттік Ұлттық парк болып 2007 жылдың ақпан айында ҚР үкіметінің №88 қаулысы негізінде құрылған. Бүгінде ол – ең жас саябақ саналады. Сол себепті де

Көлсай табиғатқа жаны құмар жандар үшін шебер мүсінделген тау шатқалдарындағы табиғат көрмесі тәрізді.

Қазіргі уақытта Қазақстанның мұндай көрікті жерлеріне көптеген туристік фирмалар арқылы баруға мүмкіндік бар. Олар жолаушыларды тасымалдап, арнайы демалысты ұйымдастырумен қарқынды айналысады. Әсіресе, демалыс күндері саяхаттаушылардың саны күрт өседі екен. Саяхатқа туристік автобустар Алматы қаласынан әдетте таңғы сағат 06:30-да жиналып, жолға шығып, түнгі сағат 11-лер шамасында қайтып оралады.

Табиғатына қарасаң көз тоймайтын өлкеде небір көрікті дүниелерге куә боласың. Жап-жасыл, жазық далаға көз жүгірткен кез келген жанның миы сергіп, демалып қалары анық.

Бірінші бағыттағы аялдаған жер – Көлсай көлі. Ол Алматы қаласынан 280 шақырым жерде орналасқан. Автобуспен барсаң шамамен 4 – 4,5 сағат жол жүру керек. Кеген ауданына кіргеннен бастап, Көлсайға жеткенше үш ауылды басып өттік. Жалаңаш (Жалағаш), Қарабұлақ пен Саты елді мекендері. Бұл ауыл Қазақстандағы ең бай ауылдардың көшін бастап тұр екен. Отандық белгілі режиссер Нұртас Адамбайдың «Келинка Сабина» және «Аким» атты екі фильмі де осы Саты ауылында түсірілген. Бұл жерде кез келген үй иесі туристерді үйіне қонақ етуге әзір. Қарапайым жандар өз үйлерінен асхана ашып, жолаушыларды түскі және кешкі астармен тамақтандырып, тіпті, кейде түнейміз деушілерге де орындар дайындап береді. Шап-шағын ауыл туризмнің қыр-сырын кәдімгідей меңгеріпті. Мұндағы халық туристердің арқасында өз нәпақаларын тауып отырғандарын айтады. Ауылға тоқтап, бел жазып ендігі 15 шақырым қалды деген сәтте көңіліміз бен лүпіл қаққан жүрегіміз Көлсай жаққа бізден бұрын жетіп алған тәрізді.

Осы арадан шамамен бір сағаттай жол жүрсең, Алатаудың арғы бетін жайлаған айырқалпақты ағайын, қырғыздармен шекаралық асуға тап боласың. Оның арғы жағында мұнартып – Ыстықкөл жатса, ал бергі жағында жаңағы сөз еткен Көлсай көлдері жарқырайды. Қырғызстанмен шекаралас жатқандықтан мұнда келушілер өзімен бірге жеке куәлігін алып жүруі тиіс. Өйткені демалыс аумағына кірмес бұрын шекара қызметкерлері барлық демалушының төлқұжатын тексереді. Ал өзімен болмаған жағдайда ҚР ӘК 510 бабына сәйкес 5 АЕК айыппұл салынады. Яғни, шамамен он бес мың теңгеге жуық айыппұл төлеуді қажет етеді. Мұнан соң келушілер табиғи парктің аумағына кіру үшін ең бірінші эко-посттан өткізіледі.

Жоғарыдан түсіп келе жатқанда үш көлдің бірінші төменгі соқпағы көзге түседі. Демалушылардың көбі Көлсайдың бір емес, бірдей үш көлінің барын біле бермейді екен. Саяхаттаушылардың басым бөлігі бірінші Көлсайға барып, көркем табиғатын көріп суретке түсіп, таза ауасымен тынығып қайтады. Ал біріншісі мен екінішісінің арасы 8 шақырым. Екінші Көлсай теңіз деңгейінен 2250 метр биіктікте орналасқан. Ол жерге атпен немесе жаяу жүріп қана жете аласыз. Біз таза ауада серуендеп, жаяу жүргенді жөн

көрдік. Ну орман арқылы алуан ирық жолдарды еңсердік. Алайда ол, бізге керемет әсер сыйлады. Шыдамды, төзімі берік жандар екінші Көлсайға көп келеді екен, оның ішінде шет елден келіп жатқан туристер бар. Мәселен, жол жөнекей автотұраққа көліктерін қойып түсіп келе жатқан шет елдік туристерді кездестірдік. Олардың көрікті Көлсайды көруге мыңдаған шақырымды артқа қалдырып келгенін көргенде кеудеңді мақтаныш сезімі кернейді екен.

Ортаңғы Көлсайға жеткенде тұмса та-биғаттан көзімізді бір сәтке ала алмай тұрып қалдық. Екі таудың ортасын қосып жатқан көлді көріп қайран қаласың. Қарап тұрып қолдан жасалған қойма дерсің. Мәселен, Қапшағай су қоймасын Іленің суын бөгеп, қолдан көл еттік. Ал мынау табиғаттың сыйлаған кішкентай тылсым сыйы ғана. Мұнда келіп осы сезімді сезінген бір басқа.

Көлдің жағалауында қайықтар мен катамарандар қойылып, жалға беріледі екен. Егер ауа-райы қолайлы болса, онда демалушыларға жүргізуге рұқсат етіледі. Алайда жел соғып, күн бұзылса, онда жәй ғана жүргінші жолдарды аралауға мүмкіндік бар. Ауа-райының қолайлығына байланысты біз катамаранды жарты сағатқа жалға алдық. Жүргізуді білмейтін, мүлдем жүргізіп көрмеген көлігімізді біресе ары, біресе бері бұрып жәйлап түсініп алдық. Көлдің ортасына келген бетте жан-жағымызға көз тастадық. Иә, келушілер-дің ішінде тау сұлулығы-на тамсанып жүргендерге қарап, тау сұлу ма әлде су сұлу ма дейсің... Осындай бір тұмса табиғаттың үзіліп түскен бір бөлігі алдыңнан жәудіреп шы-ғып тұрса көңілің де, жүрегің де тазарып шыға келетіндей. Таудың басындағы жап-жасыл қарағай, шыршалардың бейнесі судың бетіне түсіп, оны жақұттай жасыл түске бояйды. Суға түскен көк шалғынға көз тастасаң, айдын беті көкпеңбек болып жалтырай түскенін байқайсың. Қаракөк бұлт басқан аспаны да түстеніп, мың құбылады. Жақұттан алқа тағып, аппақ бұлттан сәукеле киіп, жап-жасыл көйлегінің етегі желбіреген Көлсай бір кездері қыз болыпты десе, сенетіндей-ақ екен. Бұлай деп тұрған себебім, автобуспен келе жатқанда жол қысқарсын деген ниетпен біздің гидіміз (жол бастаушы) осы Көлсай жайлы ел аузында қалған аңыз-әпсаналарды айтқан болатын. Солардың бірі – өзара дос болған бай мен кедей отбасылары туралы. Ертеде дәулеті тасыған бір бай отбасының үш қызы және жарлы отбасының жар дегенде жалғыз ұлы болыпты. Уақыт өтіп, балалар ер жеткенде байдың қыздары әкелеріне бірінен кейін бірі келіп, жарлы көршінің баласына тұрмысқа беруін сұрайды. Басы әбден қатқан бай не істерін білмей, Құдайға жалбарынып көмек сұрайды екен. Сонда құдіреті күшті тыл-

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҰМСА ТАБИҒАТ

сыммен үш қыз көлге, ал жігіт осы көлдерге құятын өзенге айналып кетеді. Жұрттың айтуынша, ынтық жүректер осылайша бір-бірімен табысқан.

Осылай терең ойға бойлап кеткенде жарты сағат уақытымыз да көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Жағалауға келіп көлікті иесіне тапсырып, сол маңда жиналып тұрған ұжымымызға қарай бет бұрдық. Олар Көлсайдың сол жағалауымен серуендеуге жиналыпты. Солайша сол жақ жағалауды бойлай жүріп кеттік. Бұл соқпақ – төменгі Көлсайдың бар сұлулығын ашатынын соңына жеткенде бірақ аңғардық. Жол бұралаң болмағанмен, еңістері мен өрлеулері көп. Сол себепті гид артынан ерген туристер бірде жылдам, бірде баяу жүрулеріне тура келді. Ашық алаңқайға шыққаннан кейін көргеніміз көзжеткісіз биік таулар мен көпғасырлық, ұзын-сонар ағаштар.

Туризмнің түр-түрі бар екені бізге мәлім. Алайда бұл маңдағы туризм – тұмса табиғат аясында демалғысы келгендер үшін таптырмайтын жер дер едік. Мұндай кереметті ең бірінші көзбен көру қажет. Осыдан екі ғасырға жуық уақыт бұрын пайда болған бұл көлдердің көздің жауын алар сұлулығына мұндағы бай өсімдіктері мен жан-жануарларын да қосыңыз. Бұл аумақта жан-жануарлардың 226 түрі, өсімдіктің 704 және құстың 197 түрі кездеседі.

Көлсайдың басында демалушыларға арнап салынған заманауи үйлер бар. Жоғарыда айтып өткен Саты ауылында да мұндай демалыс орындары бар. Алайда Көлсайдағы баға неғұрлым арзанырақ. Мәселен, Саты ауылында екі адамдық демалыс орны он бес мың теңге болса, Көлсайдағы баға сегіз мың теңге. Бұл соманың ішіне екі жерде де таңғы ас кіреді. Сонымен қатар Көлсайдан қазақ үйлерді де жалға алуға мүмкіндік бар. Оның бағасы жиырма бес мың теңге дейін барады. Ал дастархан мәзірі үшін қосымша төлем қажет. Тағы бір айта кетерлік жайт, мұнда интернет ұстамайтындықтан, туристерге өздерімен бірге ақшаларын қолма-қол ұстап жүрулері тиіс.

Көлсай көлдерінің туризмі алғаш дамып келе жатқан сәтте, яғни, 2007 жылы мұнда келушілер саны 6-7 мыңдай ғана болса, бүгінде мұнда демалушылар саны 45-50 мыңға жуық екен.

Өлкеміздің ғана емес, еліміздің мақтанышына айналған Көлсай – мінсіз сұлулықтың қандай боларын дәлелдеп бергендей. Ең бастысы осындай баға жетпес құнды өлкеміздің туризмі одан әрмен дамып, көптің көзайымына айналып жүре берсе екен деген ниеттеміз. Шығармашыл адамдар осындай табиғат аясынан жанының тыныштығын іздейді. Бізде дәл сол тыныштықты осы керемет өлкеден таптық. Жетісудің Жеті кереметінің біріне осы Көлсай көлдерін ойланбастан жатқызуға болар.

Төменнен жоғарыға көтерілген сәтте жаңағы мың құбылған бұлт біздің дәл төбемізден құя жөнелді. Құдды бір, қыдырып, серуендеп болдыңдар, енді, үйлеріңе қайтыңдар деп белгі бергендей... Барлығымыз дереу жүгіріп, автобус ішіне кіріп, ары қарай жолдан өткен Саты ауылына түскі ас ішуге жол тарттық. Ауылға тоқтап ауқаттанып алғаннан кейін келесі Шарын шатқалына қарай жол тарттық.

Жаяу жүріп әбден шаршаған жолаушылар автобус ішінде бір сәт тыныштық орнатып, барлығы ұйқыға оранды. Бір мезетте микрофонмен сөйлеген жарқын шыққан үн естілді. «Шарын шатқалына жеттік. Бұл Қара шарын деп аталатын түрі, яғни, Черный коньон деп те атайды», – деп сөз сөйлеп тұрған жол бастаушымыздың даусынан

ояндық. Сыртқа шықсақ бұл жақта жауын жоқ екен, керісінше күн тас төбемізден түсіп тұр. Мұнда барлығы суретке түсіп, қап-қара түзілген тау шатқалына, оның ортасын қақ жара ағып жатқан өзенге қарап тамсанды.

Біздің басты мақсат Үлкен Шарын шатқалдарының ортасымен жүріп, Шарын өзенін көру болғандықтан, мұнда ұзақ аялдамадық. Ал келесі тоқтаған жеріміз осы үлкен шатқалдың бір бөлігі Ақ шарын (Лунный коньон) болды. Бұл жердің «Лунный коньон» аталу себебі, төбесінен қарағанда тау қыртыстары айдың пішініне келеді екен. Ал Ақ Шарын дейтіндері – түзілген тастар ақ сарғыш өңді. Сонымен қатар көпшілік халық, мұны киіз үйдің пішініне ұқсатады дейді. Расында, мән беріп көз жүгіртсең, жазық далада тігілген ақ киіз үйлер көзіңе елестейді.

Алып аңғар, қызылт қамалдардан өтіп үлкен Шарынға да жеттік. Бұл жердің де халық арасында «Долина замков» деген атауы бар. Мұны Американың аты әйгілі Гранд шатқалының кішірейтілген көшірмесі деп те атайды екен. Оның бұл аумақта пайда болғанына 12 млн. жылдан астам уақыт болған. Бұл ғажап мекен 2004 жылдың 23 сәуірінде Шарын Ұлттық паркінің құрамына кірген. Мұндағы таудың биіктігі 300 метр. Ал жалпы шатқалдың ұзындығы 3 шақырымға дейін жетеді.

Шатқал арасында жай көлік жүре алмайтындықтан, демалушылар төменге Уазик автокөлігімен немесе жаяу жетуге мәжбүр. Адам саны көп болған соң біз жаяу жүргінші жолын таңдадық. Бір жағынан өзімізге де шатқалдардың ортасымен жүру қызығушылық тудырды. Төбесі көкке тиіп тұрған үлкен тастар өздігінен салынған ертегілер қаласын еске түсіреді. Пішініне қарасаң құдды бір қолдан салынған ғимарат, мұнараларға өте қатты ұқсайды. Алып тастардың биік нүктесін бағындыру үшін асқан шыдамдылық пен төзім қажет-ақ. Шатқалды аралап, оған толық бас сұққанда ғана онымен таныса бастадық. Егер алып тастардың қасынан ілгері өтіп, жолмен тіке беттесең түрлі-түрлі көріністерге тап боласың. Таудағы үлкен тастарға қарап, ой-қиялыңызды қосар болсаңыз, мұнда көзіңізге жан-жануардың да, адамның да түрлі бейнесі елестейді.

Бұрынғы уақытта ежелгі адамдар мұнда жындар мен мыстан кемпірлер өмір сүреді деп есептеген. Сондықтан болар, кейбір жартастар «Жалмауыз кемпір» шатқалы, «Айдаһар» секілді атауларға ие болған.

Шатқалмен төмен қарай түскенде жолдың оң жақ шетінде туристерге арнайы тақтайша жасалған және жаяу жүргіншілердің тынығуына арналған отырғыштар жасалыпты. Мұнда олар өздерінің неше шақырым жүріп өткендігін, сондай-ақ ендігі қанша шақырым қалғандығын анықтай алады. Тағы бір айта кететін жайт, мұнда жан-жақта дүкендер болмағандықтан әрбір адам өзімен бірге су алып алуы міндетті.

Алғаш көрген жанға сондай әдемі, бір жағынан әсемдігімен қоса айбарлы, суық, қорқынышты елестейтін бұл каньон кімге

болсын жұмбақ. Бұл өңірде өсетін өсімдіктер де мүлдем бөлек, түрі де мол. Үңіліп қарасаңыз, өсімдіктері, тіпті, бақа-шаян, құрт-құмырсқаларына дейін дараланып тұрады. Бүгінде бұл маңда 940 түрлі өсімдік өседі. Оның 60-қа жуығы эндемиктер, ал жиырма бірі Қызыл кітапқа енген өсімдіктер. Сүт қоректілердің – 60, құстардың – 300, бауырымен жорғалаушылардың – 20, ал балықтың он түрі бар.

Тәуелсіздік жылдарынан бері елде мемлекеттік органдар мен осы мәселеге қатысты қоғамдық ұйымдар арасында бірлескен әртүрлі жобалар жұмыс істейді. Ана мен бала денсаулығын жақсарту, олардың қоғамдағы орнын айқындау, мемлекеттегі жетекші органдардағы әйел статусын ерлермен тең дәрежеге көтеру секілді мәселеде Қазақстан Орта Азияда озық. Десек те, ел арасында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырап, жәбір көретіндер бар. Елдегі дағдарыс орталықтары да бұндай келеңсіздікке әйелдер мен балалардың көп ұшырайтынын айтады. Әлеуметтанушылар мен психологтар бұл теріс үдерістің себебі көп ретте әлеуметтік жағдайдың нашарлығынан дейді. Одан кейінгі себептердің бірі маскүнемдік пен моральдық құлдырау, қызғаншақтық. Құқықтық тұрғыдан, еш ақтауға келмейтін мұндай келеңсіздіктердің бәрі заң бұзушылыққа жатады және оларға ҚР заңдары негізінде жауапкершіліктер көзделген. Мысалы, ҚР Конституциясының 14-бабында: «1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. 2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көз қарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» делінген. Неке және отбасы туралы кодексте Ата Заңнан бастау алатын бұл заңдылықтарды нақтылай түседі. Сондықтан заң мен халық сыйлайтын кез келген азамат гендерлік теңдік ұстанымында да толерантты, ашық көзқараста болу керек. Қазақстан – демократиялы, зайырлы мемлекет. Ендеше, азаматтық қоғамға ұмтылған дамушы елдерде мұндай зорлықзомбылыққа жол берілмеуі тиіс. Қоғамдық ашық талқыда – мектептегі білім жүйесінде жастар мен жасөспірімдерге гендерлік теңдік пен барлық азаматтың тең құқықтық жайлы мәселелер көтеріліп, ашық диалогтар жүргізіп отырса тұрмыстағы зорлық- зомбылықтың жолы кесілер еді.

Айгерім ТЛЕУҒАЖЫҚЫЗЫ,
Көксу аудандық сотының бас маман сот мәжілісінің хатшысы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨЛЕҢ-ӘЛЕМ

ПЕРІШТЕ ЖЫРЫМА сенемін

Ақынның да ақыны бар, шынайы ақын, жағымпаз ақын, әндерге сөз жазатын хит ақын, не өлеңінің ұйқасы, не құйқасы жоқ халтурщик ақындар «қамқа тонға сіркелеген биттей» толып жүр.

Біздің мақаланың арқауы – шынайы ақын. Жеті атасынан ақындығы үзілмеген, әкеден балаға қанмен дарыған, бір отауда үш бірдей ақын бар десем сенесіз бе? Осы үш ақынның үшеуі де бір-бір үйдің келіні, көмейлерінен өлең төгілген арулар. Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін жер жүзіне тарыдай шашыраған қандастарымыз туған атамекеніне оралуға асықты. Басымызға бас қосылды. Көкіректері шер мен шеменге толған, ата-жұртын аңсап жеткендердің арасында ақпа-төкпе айтыскерлер, поэзия әлеміне құлаш сермеген ақындығы арғы бетте танылған жасы да, жасамысы да бар шайырлардың бір шоғырын көріп көзайым болдық. Миллиардтың арасында жүрсе де ана тілін, ата-салтын, әдеп-ғұрпын бізден артық біліп келгендерді көрген-де шүлдірлеген шүршіттей болған жергілікті қазақтар қызарақтап қалғанымыз рас-ты. Тарихшыларының аузын бақтық, есеп-қисапқа су төкпеген жорғадай жүйрік балаларын көріп сүйіндік. Араластық, құраластық, құдаластық.

Редакцияға ақын Әмина Адайхан тойға піскен тоқаштай аққуба келіншекті қолтықтай келіп, «*Мынау менің жерлесім, әпкем болады. Өзі ақын, есімі Айнұр Оразбай, сіз Айнұр атты қыздарға ғашық едіңіз ғой. «Перішге жырыма сенемін атты» тұңғыш кітабы жарық көрді. Оқып көріңіз, қолайына жақса, сіздің қолдауыңыз қажет боп тұр. Осы кітаптың тұсаукесер рәсімі мен жыр кешін өткізуге ат салысыңыз*», – деп инедей қадалды.

Бұл қайссы Оразбай? Әлгі Гүлнұр, Жәмила Оразбайдың тұқымдары емес пе, түрі соларға ұқсайды екен десем, «*Дәл өзі, бұлар отбасымен ақындар командасы, енді Айнұрды да танып жүретін болдыңыз*», – деді. Кітабына құтты болсын айтып, алғы сөз жазған кім екен деп үңіле кеттім. Анау-мынау емес, салмағы бар, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Дәулетбек Байтұрсынұлы пікір жазыпты. Кітапқа қызығып, парақтарын сүзе түстім. «Өлең деген тумайды жайшылықта, өлең деген туылады қайшылықта», – деп, Мұзбалақ Мұқағали айтқандай, Айнұрдың поэзия әлемінде өзіндік орны бар ақын екеніне сүйіндім. Сүйіндім де, Дәулетбек ақын айтқан пікірге мелде тоқталдым. «*Өлең деген шеркінде форма жағтан ұлттық өлшем болғанымен, ой-қиял жағынан құйып қойған қалып жоқ*», – дейді Дәулетбек ақын. Расында солай, бүгінгі қоғамда өлеңнің формасы да, қалыбы да бұзылған. Бұрынғы поэзияларда он бір, жеті-сегіз буынды қалыбын сақтаған өлеңдер, қазір еуропалық стильге көшіп кеткен. Өз басым кейбір ақындардың көкте шарлап жерге түспей, буын саны біркелкі емес және ұйқастық өлшемі бұзылған қияли өлеңдерін түсіне алмай-ақ қойдым. Арғы ардагер ақындарды айтпағанда Мұқағали, Тұманбай, Қадыр, Сәкен, Исрайылдар өрнектеген өлеңдерді аңсаймын. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы» көркемдігі көкіректі баурап алатын жыр парақтары қара өлеңнің қалыбын бұзбай, «шекпен жауып қазақтың өзіне қайтарғанына» қуанасың. Айнұрдың поэзияларында осы қалып мұқият сақталыпты. Өлеңдерінің өрісі кең, өрнегі көз тартып, ынтықтыра түседі. Айнұрдың ақын болып қалыптасуына ең бірінші қанмен келген ата-тегі болса, екінші өскен ортасы, арғы беттегі Алтай аумағындағы әйгілі айтыскер Құрманбек Зейтінғазы ақыннан тәлімін алған Шәкен Рахметолла, Еркін Іляс, Қайрат Құлмұхамбет, Жәмиға Дәулетқызы, Жәмила, Гүлнұр, Айнұр Оразбайқыздары өздерін осы Құрманбектің құлындарымыз дейді. Демек, ауыз әдебиетінен сусындап, поэзияға ауысқан Айнұрдың нашар ақын болуға қақысы да жоқ. Оны өз шығармаларынан аңғаруға болады. «Мендегі бақыт» деген өлеңіңде:

«Мендегі бақыт – сары далам,
Молаңа қарап қол жайып,
Обаңа басымды иегенім.
Туыма қарап ойланып,
Топырағыңды сүйгенім», – дейді.

Кең байтақ сары даласынан бақыт іздеп келіп, обаларға бас иіп, ата-жұртқа сүйініп, көк байраққа қарап ойланып, осы күнге жеткізген Алласына табынып, туған жердің топырағын сүйіп, бойтұмардай қастерлеп, өлеңнің өлшеміне сыйдырады. Теңіз түбінен маржан сүзіп алғандай сөзден сурет салады. Ақынның шеберлігі де осында. Ойы орамды, айтарын астарлап жеткізеді. Ал «Торығу» атты жырында:

«Қолдан шыққан сарай сәні бауараған,
Сақтың рухын сайтан арбап мүлгиді.
Байлығыңды шайлығымен жаулаған.
Ата жауың астауыңа у құйды.
Бауырыңа тасты басып, мұз емген,
Пенделердің пиғылынан қорқасың.
Қайдағы бір қарғы бауға үйренген,
Қамсыздарды қансыз ба деп жортасың,

– деп, қара бастың қамын күйттегендерді ата жауға теңейді. Бүгінгі қоғамның асқынған бір дерті жемқорлық болса, сол кеселді асқындырып, тамыр-таныстыққа ұластырған, жең ұшынан жалғасқандар елдің етек-жеңін былғайды деп шағаладай шырылдап, шарқ ұрады. Айнұр ақынның жырларындағы иірімдер текеметке салған оюдай, көркемдік, тегеуріңді теңеулері басым. Әбден ысылған сақа ақындардай салмақты ойлар айтады. Кітаптың алғы сөзінде Дәулетбек Байтұрсынұлы Айнұрдың өлеңдерін жан-жақты талдап, шығармаларына тиісті бағасын беріпті. Мен сүрлеу соқпақты қайталағандай болмайын. Әйтсе де поэзияда өзіндік қолтаңбасымен даралаған Айнұр ақынның алар асуы әлі алда екенін нық сеніммен айтуға болады. Бір тоға, тау қопарылса орнынан мызғымайтын салмақты қыздың «Ерке қыздың етегі ермек емес» деп нәзік жанды сіңлілерінің ар-намысын қызғыш құстай қорғайды.

«Ермек болып етегі ашылған қыз,
Жарнамға жабайы бас ұрмаңыз.
Өз мініңді әуелі жөндеп алмай,
Алқынып арлы азамат тасынбаңыз.

Азаматым, бекерге еліресің,
Құр намыспен шаңдатпа ел іргесін.
Ұятың ішіңді өртеп бара жатса,
Ардың ұшы сенен де жерімесін», – дейді.

Бірен-саран шіріген жұмыртқаларға бола бүкіл қызды айыптаған ерді сабасына түсіреді. Бұған сенде кінәлісің, ұлтжанды ұл, ұятты қыз ұлттың мұраты екенін ұғындырады. Бұл да бүгінгі қоғамның асқынған бір кеселі. Қыз инабатты болмай, ұлдың жүрегіне иман ұяламай, ел бола алмаймыз. Табалама, еркенің етегі түрілмесін десеңіз, өрлігіңді көрсет. Сол кезде қыз ұяты өшпек түгілі оттай жанады дейді. Ақиқатты астарлап айтып тұр.

Перішге жырларына сенім артып, елдің жүгін арқалаған ақын арман-мақсат, мүддесінің бәрін жыр арқылы оқырманға жеткізеді.

«Өмірдің кермек
түстары,
Аспан ойларымды
жерлейді.
Көгімнің өршіл
бұлттары,
Төбет ойларға көнбейді.
Көлге де, шөлге қол
артқан,
Тарихым солай, көнемін.
Жетім жайларға жол
тартқан,
Перішге жырыма сенемін», – деген ақын қыздың «Шыңдық дейтін бір шың бар», «Мамық жыр маусымдар», «Анаға сағыныш», «Туған тауға сағыныш», «Ақынға сыр» деп, бес бөлімге бөлінген өлеңдерінің бәрі өміршеңдігімен құнды. Кітапты бастан аяқ түгел талдап, сараптауға газет беті көтермейді. Әрі сыншы да емеспіз. Тырнақ алды алғашқы туындысы болғандықтан сәт-сапар тілеп, ақжолтай айту парызымыз. Алматы облыстық Жазушылар одағы филалының ұйымдастыруымен, Көксу ауданы Мәдениет үйінде ақын, Айнұр Оразбайқызының «Бейбітшілігім – бесігім атты» поэзия кеші өтіп, «Перішге жырыма сенемін» атты тұңғыш жинағының тұсауы кесілді. Оған Алматыдан Халықаралық жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан жазушылар және өнер шебері ассосоциасиының жетекшісі, Әлем халықтары жазушылар одағының төрайымы Гүлхан Айтақынқызы, Әлем халықтары жазушылар одағының мүшесі, ұйымдастырушы, Райса Ақанқызы, Ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан жазушылар одағы, Алматы облыстық филиалы директорының орынбасары Жангелді Немеребай, ақын, Әмина Адайхан, Көксу аудандық ішкі саясат бөлімі басшысының орынбасары Дәлелхан Жаныштар атсалысты. Шығармашылық кеште ақынның өлеңдеріне жазылған әндер шырқалып, қоңыр күй тербеліп, кітап авторы қалың оқырманға жырдан шашу шашты. Жыр бұлағынан сусындаған көрермендер арқа-

Кейде

Жақсыларға сүйеп қойып арқаны,
Шүкіршілік, көріп жүрміз әр таңды.
Байлық десе ұзын сонар түс көрем,
Қағып қойып қалтамды.

Жамандарға түріп қойып білекті,
Сабырыңа жендіресің тіресті.
Кейде өкініп, кейде бекіп аласың,
Бұзғың келіп күзетті.

Бар мен жоққа сабырлымыз, себебі -
Өлтірмейді тәрбиенің өзегі.
«Аттан» салып тамырымда бір ағыс,
Маза бермей келеді.

Рухым бай, түс көруім орынды,
Өкіністер – талай арман көз ілді.
Қайшыласқан қара өлең-ау қандағы,
Мазалайтын ойыңды,
Қайнататын сорыңды.

Анама қоңырау шалдым

Анама қоңырау шалдым, жалғанып тұр,
Үніне жарқын әлем арбалып-дүр.
Бар қырсықтың басынан аттап өтіп,
Шаттығым шарықтап жүр, қолға алып гүл.

Анама қоңырау шалдым,
«қарғам», – деді.
Бақыттан толқын атты арман көлі,
Өздігінен құлпырып сала берді,
Мендегі тіршіліктің талған белі.

Анама қоңырау шалдым, күліп тұрды,
Өзгермес қоңыр үні ысылып мұңды.
Қайсарлығың қызыңа қанат сыйлап,
Кеудемді кернеп кетті жыр ұшқыны.

Анама қоңырау шалдым:
– бармын, балам!
– Дегенде жаным кетті, бал-бұл ғалам.
Бақытым, аман болшы, жалғыз тілек,
Қайғыға қауашағын жарғызбаған!

Айтақын МҰХАМАДИ

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КОРРУПЦИЯ

СОВМЕСТНЫМИ УСИЛИЯМИ

Из источников известно, что термин Коррупция происходит от латинского слово «corrumpere» по смыслу означает «разрушение организма государства, общественных отношений», как значение термина «подкуп» - термин, обозначающий обычно использование должностным лицом своих властных полномочий и доверенных ему прав в целях личной выгоды, путём обмана, вымогательства, волокиты, противоречащие законодательству и моральным нормам. Наиболее часто термин применяется по отношению к бюрократическому аппарату и политической элите.

Согласно 1 статьи Закона Республики Казахстан "О коррупции": «Под коррупцией в настоящем Законе понимается не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющими государственные функции, а также лицами, приравненными к ним, с использованием своих должностных полномочий и связанных с ними возможностей, а равно подкуп данных лиц путем противоправного предоставления им физическими и юридическими лицами указанных благ и преимуществ». То есть коррупция, прежде всего, это злоупотребление служебными полномочиями.

В соответствии с действующим Руководством ООН, коррупция представлена как совокупность трех классификационных групп криминальных деяний: а) кража, хищение и присвоение государственной собственности должностными лицами; б) злоупотребление служебным положением для получения неоправданных личных выгод; в) конфликт интересов между общественным долгом и личной корыстью.

Поэтому, принимаемые меры, в этой связи направленные на борьбу с коррупцией являются своевременными и необходимыми. Так, с 1 января 2016 года введен в действие Закон Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за № 410-V «О противодействии коррупции», который регулирует общественные отношения в сфере противодействия коррупции и направлен на реализацию антикоррупционной политики. Наряду с этим, Законом Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за № 411-V внесены изменения и дополнения в некоторые законодательные акты по вопросам противодействия коррупции, в частности кодекс об административных правонарушениях, УПК, ГПК.

В частности,стимулирование антикоррупционного поведения граждан предусматривается одной из мер противодействия коррупции, включающее механизмы поощрения со стороны государства за оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений, что позволит гражданам активно включиться в процесс борьбы с коррупцией. Одним словом, этим социальным злом надо бороться совместными усилиями, если каждый будет вносить свою посильную лепту в борьбе с проявлениями коррупции тогда будет положительный результат.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
судья Талдыкорганского
городского суда.

ЗАКОН

КАЗАХСТАНКА ПОДДЕЛАЛА СВИДЕТЕЛЬСТВО О ЗАКЛЮЧЕНИИ БРАКА РАДИ СВИДАНИЯ С ЗАКЛЮЧЁННЫМ. ЖИТЕЛЬНИЦА КАЗАХСТАНА ПОДДЕЛАЛА СВИДЕТЕЛЬСТВО О ЗАКЛЮЧЕНИИ БРАКА ДЛЯ ВСТРЕЧИ С ЗАКЛЮЧЁННЫМ, ПЕРЕДАЁТ BAIGENEWS.KZ.

ПОДДЕЛАЛА СВИДЕТЕЛЬСТВО О ЗАКЛЮЧЕНИИ БРАКА

Факт использования поддельного документа выявили сотрудники полиции, рассказали в ДП Жамбылской области. За совершение этого преступления полицейские задержали 48-летнюю женщину.

Следствие выяснило, что для встречи с мужчиной, который отбывает наказание в местах лишения свободы, подозреваемая подделала свидетельство о заключении брака и представилась его женой. По данному факту начато досудебное расследование по статье 385 части 3 УК РК.

Санкция данной статьи предусматривает наказание в виде штрафа в размере до 160 месячных расчетных показателей либо исправительных работ в том же размере, либо привлечения к общественным работам на срок до 160 часов, или арест на срок до 40 суток.

МИНЗДРАВ

МАСОЧНЫЙ РЕЖИМ ВОЗВРАЩАТЬ НЕ ПЛАНИРУЮТ

В 12 регионах Казахстана выявили новый вид омикрон-штамма — стелс, но масочный режим возвращать не планируется, передаём BaigeNews.kz.



«Он протекает легче, чем дельта. Но опасен тем, что быстро распространяется, приводит к повторному заболеванию. Поэтому сегодня идёт распространение по всей стране. Мониторинг за заболеваемостью проводится ежедневно. Все пациенты с симптомами, которые обращаются, в полном объёме получают лечение. К карантинным мерам при таком течении заболевания он приведёт. Как вы видите, все карантинные меры сняты. Сейчас в основном идёт профилактическая работа среди населения», — сказала министр здравоохранения Ажар Гиният на пресс-конференции в СЦК.

В основном новый вид омикрона выявляют в крупных мегаполисах.

«Там большая численность населения, особенно в Алматы и Нур-Султане, где большая миграция, есть международные аэропорты. Мы с этим связываем. Обнаруженные вирусы мы дополнительно обследуем на генетическом уровне. До конца мая будет полное генетическое секвенирование данного вида вируса», — добавила Ажар Гиният.

Масочный режим в стране вводить не планируют.

«Оснований для введения масочного режима на сегодня нет. Поэтому это будет зависеть от эпидемиологической ситуации в стране», — отметила министр.

Около 1,3 миллиона человек выздоровели от КВИ с начала пандемии в Казахстане.

МОШЕННИЧЕСТВО

НАШЛИ НОВЫЙ СПОСОБ, КАК ОБМАНЫВАТЬ

Как передает Sputnik, мошенники нашли новый способ, как обманывать казахстанцев Казахстанская мededобывающая компания KAZ Minerals заявила об участившихся случаях мошенничества. На этот раз они стали использовать ее название, пытаясь завладеть персональными данными и личными сбережениями казахстанцев.

Наибольшая активность наблюдается в социальных сетях, там распространяются посты и размещаются ссылки с фейковой рекламой, сообщила пресс-служба KAZ Minerals.

«В последнее время злоумышленники не ограничиваются финансовыми институтами и используют успешные казахстанские бренды из других секторов экономики, в том числе KAZ Minerals, в попытке ввести в заблуждение население», — рассказал руководитель департамента корпоративных связей группы KAZ Minerals Максут Жапабаев.

Он добавил, что не так давно компания ушла с биржи, стала частной, и сейчас ее акций в свободном обращении нет.

«Мы официально заявляем — компания не осуществляет инвестиционных программ для граждан. Призываем казахстанцев соблюдать бдительность, придерживаться правил информационной безопасности, никому не сообщать свои личные данные, перепроверять сомнительную информацию на официальных ресурсах компании. А самое главное — предостерегать своих близких и знакомых от опрометчивых шагов, сулящих невиданную прибыль», — отметил Максут Жапабаев.

Компания готовит письма-обращения в профильные ведомства, включая министерства внутренних дел и цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Казахстана.

KAZ Minerals Limited — медедобывающая компания, ориентированная на развитие крупномасштабного, низкозатратного производства карьерного типа в Казахстане. Группа ведет операционную деятельность на рудниках открытого типа Актогай в Восточном Казахстане и Бозшаколь в Павлодарской области, трех подземных рудниках и соответствующих обогатительных фабриках в Восточном Казахстане, а также на медно-золотом руднике Бозымчак в Кыргызстане.

ПЕНСИЯ

МОГУТ СНИЗИТЬ ПЕНСИОННЫЙ ВОЗРАСТ

В следующем году, возможно, снизят пенсионный возраст в Казахстане. Данный вопрос решат в конце 2022-го, передает ИА «NewTimes.kz» со ссылкой на astanatv.kz.

Об этом заявил заместитель премьер-министра Ералы Тугжанов в кулуарах правительства.

«Перед тем как отпустить человека на пенсию, надо считать, как будет формироваться его уровень пенсии. Надо советоваться. Если человек выйдет на пенсию раньше, то его пенсия может быть маленькой. Поэтому нужно советоваться, обсуждать. В рамках социального кодекса все эти вопросы будем обсуждать. До конца года решим», — сказал он.

Стоит отметить, что с января женщины в нашей стране выходят на заслуженный отдых в 60 с половиной лет, с дальнейшим постепенным повышением до 63 лет в 2027 году. Мужчины — в 63 года.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БОКС

ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛДА

Бокстан Ыстамбұлда өтіп жатқан әлем чемпионатының ширек финалдық сайыстары өтті. Жарыстың күндізгі бағдарламасында бес боксшымыз шаршы алаңға шығып, солардың төртеуі жартылай финалға жолдама алды. Олар – Алуа Балқыбекова, Жайна Шекербекова, Карина Ибрагимова, Валентина Хальзова. Ал кешкі бағдарламада сынға түскен Дина Жоламан да жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Жарыс басталған бетте Назым Қызайбай (50 кило), Римма Волосенко (60 кило), Аида Әбікеева (63 кило), Дариға Шәкімова (66 кило), Надежда Рябец (75 кило) және Ләззат Күнгейбаева (+81 кило) сынды белді боксшыларымыз жеңілістің кермек дәмін татқанда қазақ жанкүйерлерінің көңілі қатты құлазыған еді. Оған Халықаралық бокс қауымдастығының (IBA) туы астында өнер көрсеткен атышулы Ангелина Лукасты қосыңыз. Олар «Біздің еш кінәміз жоқ. Барлық «гәп» төрешілерде» деп қанша жерден ақталса да, биылғы жылдың басты додасына боксшыларымыздың тым нашар даярлықпен келгені сырт көзге анық байқалды. Осылайша, Түркияға сапар шеккен 12 боксшымыздың тең жартысы жарысты аяқтап, қалған алтауы ширек финалға жолдама алған еді.

Кеше ширек финалдық сайыстар өтті. Бұл жолы былғары қолғап шеберлеріміз құлазыған көңілімізді бір серпілтіп тастады. 48 кило салмақта сынға түскен Алуа Балқыбекова үндістандық Ниту Нитуды әдемі ұтса, іле-шала рингке 52 кило салмақтағы Жайна Шекербекова көтерілді. Италиялық Олена Савчукке қарсы сайыста дұрыс тактика құра білген Жайна жеңіске жетті. 57 кило салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Карина Ибрагимова осы межеде мықты қарсыласқа тап болды. Ол Еуропа ойындарының күміс және Еуропа біріншілігінің қола жүлдегері ирландиялық Микаэла Уолшпен күш сынасты. Алайда қарсыласының атағынан еш қаймықпаған Карина көздеген мақсатына қол жеткізді.

Валентина Хальзова (70 кило) аустралиялық Кэй Скоттпен қолғап түйістірді. 36 жастағы жасыл құрлықтың өкілі 2016 жылы Астанада өткен әлем чемпионатында күміс медальды мойнына ілген еді. Ол кезде Кэй 81 кило салмақта өнер көрсетті. Одан кейін салмақ қуып, өзінен әлдеқайда жеңіл қарсыластармен жұдырықтасуды жөн көрген

екен. Бірінші раундтан бастап тізгінді өз қолына алған Валентина қарсыласының еркін көсілуіне еш мүмкіндік бермеді. Төрешілер бірауыздан Хальзованың мықтылығын мойындады. Бесінші болып шаршы алаңға шыққан Гүлсая Ержанның (81 кило) литвалық Габриэле Стонкутеге әлі жетпеді. Ал кешкі бағдарламада Дина Жоламан (54 кило) Елена Зекичпен шеберлік байқасып, төрешілердің шешімімен жеңіске жетті.

Естеріңізге сала кетейік, аталған жарыс 20 мамырда өз мәресіне жетеді. Әлем чемпионы атанған боксшылар 100 мың АҚШ доллары көлемінде сыйақы алса, финалға шыққандар 50 мыңды қалтаға басады. Ал қола жүлдегерлерге 25 мың доллардан тиеді.

ВОЛЕЙБОЛ

ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚ КҮТЕМІЗ

Сенбіде Иранның бас шаһары – Тегеранда волейболдан ерлер арасындағы Азияның клубтық чемпионаты басталды. Бұл жарыс 12 мың көрерменге есептелген «Азади» спорт кешенінде өтуде. Сары құрлықтың ең үздік алты командасы бас қосқан бәсекеде Қазақстанның «Тараз» клубы да өнер көрсетуде.

Аталған жарыс бұрын AVC кубогы деп аталатын. Оған Азиядан бөлек, Аустралия мен Мұхит жағалауында орналасқан мемлекеттердің өкілдері де қатысатын. Әлі есімізде, 1993 жылы Таиландтың Накхонратчасима қаласында жалауы желбіреген жарыста Алматының «Азаматы» табысты өнер көрсетіп, күміс медаль иеленді. Жартылай финалда Жапонияның жігіттерін жеңген жерлестеріміз ақтық сайыста Оңтүстік Кореяның өрендеріне есе жіберді. Жұлдызды командының сапында Бақытжан Байтөреевтің жасындай жарқылдағаны да күні кешегідей көз алдымызда. Дәл сол жылы қазақтың ұлы Азияның ең үздік ойыншысы атанған еді. Тарихқа жүгінсек, Бақытжанға дейін де, Бақытжаннан кейін де мұндай атақ Қазақстанның бірде-бір волейболшысына бұйырған емес.

1999 жылдан бері Азияның клубтық чемпионаты дербес ресми жарыс ретінде өте бастады. Сол кезден бері 22 мәрте ұйымдастырылған дүбірлі додада Иранның волейболшылары ең үлкен нәтижеге қол жеткізді. Парсы елінің өкілдері 15 рет бас жүлдені олжалады. Оңтүстік Корея оғландары екі рет озса, Қытай, Қазақстан, Қатар және Тайпейден келген командалар бір-бір реттен топ жарды. Өзге мемлекеттің өрендеріне ондай бақ бұйырмады. Ал жекелеген клубтар жайында айтар болсақ, сары құрлықта Тегеранның «Пайканына» тең келер ешкім жоқ. Олар жеті жарыста жеңімпаз атанды. Тэджонның «Самсунг Иншурэнсы» мен Тегеранның «Сармайе Бэнксі» екі реттен дара шықты.

Қазақстандық командалардың жалғыз бас жүлдесі «Рахаттың» еншісінде. 2005 жылы Пәкістанның Исламабад қаласында ұйымдастырылған жарыста алматылықтар алдарына жан салмады. Финалда олар Тегеранның «Сайпасын» сан соқтырды. Отандастарымыз тағы төрт рет ақтық сында өнер көрсетті. 2006 жылы «Рахат», 2008 бен 2011 жылдары «Алматы» және 2018 жылы «Атырау» шешуші тұста ирандықтардан ұтылып, күміс медаль иеленді. Сондай-ақ 2002 және 2004 жылдары «Атырау» мен 2021 жылы Алматының «Буревестнигі» қола жүлдені қоржынға салды.

Былтыр Таиландтың Накхонратчасимасында «Буревестник» қола медаль иеленгенін жоғарыда айттық. Бұл турнирдің бас жүлдесі Иранның «Фулад Сирджанына» бұйырды. Финалда олар Қатардың «Әл-Арабинен» басым түсті. Бірақ «сары құрлықтың басты жарысында қола алдық» деп кеуде қағып, арқаны кеңге салуға болмайды. Өйткені пандемияға байланысты Жапония мен Қытайдың ең мықты ұжымдары аталған додаға қатыспағанын ескерген жөн. Олардан бөлек, Аустралия, Вьетнам, Тайпей, Үндістан және Гонконгтың да өкілдері Тай елінде бой көрсеткен жоқ.

Соңғы жылдары әйелдер арасындағы Азияның клубтық чемпионатында Қазақстанның волейболшылары үстемдік құрып жүр. Былтыр Таиландта Өскеменнің «Алтайы» алтыннан алқа тақса, биыл Семейде Петропавлдың «Қуанышы» қарсылас шақ келтірмеді. Енді біз бұрымдылардың жеңісті жолын бөріктілер жалғастырса деп тілейміз. Тегерандағы тартыста «Тараз» да жеңіс тұғырына көтерілсе, нұр үстіне нұр болар еді...

Сенбіде «Тараз» Қатардың «Әл-Райанымен» күш сынасты. Кеше Ирактың «Эрбилімен» шебер-лік байқасты. Бүгін Иранның «М. Шахбад Йездімен» сайысқа тү-семіз. Келесі топта Жапонияның «Осака», Таиландтың «Накхонратчасима», Ирактың «Соут Гас Клаб» және Иранның «Пайкан» клубтары өнер көрсетуде. Жарыстың жеңімпазы мен жүлдегерлері 20 мамырда анықталады. Азияның ең үздік ұжымы биыл күзде шымылдығы түрілетін әлемнің клубтық чемпионатына қатысады.

ВЕЛО-СПОРТ

НИБАЛИ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНАН КӨРІНДІ

Италия тас жолдарында өтіп жатқан «Джиро д' Италия» көпкүндігінің тоғызыншы кезеңі өз мәресіне жетті. Бұл кезеңде 26 жастағы Borahansgrohe командасының аустралиялық велошабандозы Джей Хиндли топ жарды.

Изерния мен Блокхаус қалаларын жалғаған 191 шақырым жолды Джей Хиндли 5 сағат 34 минут 44 секундта жүріп өтті. Хиндлимен мәре сызығын бірге кескен француздық Ромен Барде (Team DSM) мен эквадорлық Ричард Карапаз (INEOS Grenadiers) оған екінші орындарға жайғасты. Ал «Астананың» италиялық велошабандозы Винченцо Нибали мәре сызығын жеңімпаздан 34 секунд кейін қиды.

Ал жалпы есепте төртінші кезеңнен бері

АҚШ-тың TrekSegafredo клубы сапында өнер көрсететін Хуан-Педро Лопес алдына жан салар емес. Оны португалиялық Джоау Альмейда (UAE Team Emirates) мен француздық Ромен Барде (Team DSM) өкшелеп келеді. Әзірге «Астана» велокомандасының ең үздік нәтижесі Винченцо Нибалиге тиесілі. Жалпы есепте 13-орында тұрған ол Лопестен 3 минут 4 секундқа қалып келеді.

КИКБОКСИНГ

35 МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

Түркияда кикбоксингтен ересектер, жастар және кадеттер арасында VII Әлем кубогы өтті.

Әлемнің 40-тан астам елі өз спортшыларын осы беделді жарыстарға жіберді, олардың ішінде қазақстандықтар да болды. Ұлттық құрама сапында ел намысын 48 кикбоксшы қорғады, олар барлық жас санаттарында жалпы 35 марапатқа ие болды.

Осылайша, жалпы есепте Қазақстан құрамасының қоржынында 9 алтын, 5 күміс және 21 қола медаль бар.

Әлем кубогының чемпиондарынан Ақжол Қасабаев (51 кг) ерекше көзге түсті, ол К-1 ең әсерлі пәндерінің бірінде үздік атанды. Оның үлгісімен фуллайтаныс пәнінен ең мықты болған Әнуар Бақытжанұлы (75 кг) және Нұрсат Ғалымбекұлы (91 кг-нан астам) үлгі алды.

БӘСЕКЕ

«МИНИСТР КУБОГЫ» САРАПҚА САЛЫНАДЫ

22-24 мамыр күндері Нұр-Сұлтан қаласындағы Ж.Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында алғаш рет ұйымдастырылған Мәдениет және спорт министрі кубогының жартылай финалы мен финал бәсекелері өтеді.

А тобының жеңімпазы мен С тобының үздігі, ал В тобының мықтысы мен D тобының жеңімпазы финалға берілер жолдама үшін таласпақ. Олар: К.Ахметов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат колледжі (Алматы) – Жалаңтөс Баһадүр атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат колледжі (Қызылорда обл); Қ.Мұңайтпасұлы атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат колледжі (Нұр-Сұлтан) – Ә. Молдағұлова атындағы спорт интернаты (Қарағанды обл).

Аталған оқу орындарының 2006-2007 жылы дүниеге келген шәкірттері бокс, дзюдо, грек-рим және еркін күрестен шеберлік байқасады. Мамырдың басында өткен топтық кезеңге барлығы 17 команда қатысты. Олар Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе мен Тараз қалаларында үздікті анықтады.

Айта кетейік, Мәдениет және спорт министрінің кубогы биыл алғаш рет өтіп жатыр. Министр кубогының жалпы жүлде қоры 10 миллион теңге. 1-орын алған командаға – 5 млн, 2-орынға – 3 млн, 3 орынға 2 млн теңге беріледі.

Бұдан бөлек, төрешілер бокстан – «Үздік техникасы үшін», еркін күрестен – «Жеңіске деген ерік-жігері үшін», дзюдодан – «Үздік әдіс үшін», грек-рим күресінен «Көрермендердің көзайымы үшін» аталымдарында жеңімпазды анықтайды.

Балалар жылы аясында ұйымдастырылып жатқан кешенді бәсеке балалар мен жасөспірімдер арасында спортты насихаттауға бағытталған. Министр кубогының бүгінгі қатысушылары ертеңгі ел спортының ту ұстаушылары болулары әбден мүмкін.

Egemen.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨТКЕН КҮННЕН БІР БЕЛГІ

БӘЙІМБЕТ АТА - БАТЫР ЕКЕН

Мектепке әлі ілінбеген кезім. Інім Арынды үнемі жанымнан тастамай, жетектеп жүруші едім. Анамыз – Ажар сауыншы болғандықтан күн батқанша жұмыста жүретін. Ал менен үлкен ағаларым – Жасқайрат, Шернияз, Аман мектепте оқиды.

Бірде ойнап жүріп, келеңсіз жағдайға тап болдық. Ауыл балалары кешкі сауынның алдында мал қораның үстіне шығып алатынбыз. Сондай бір уақыттарда ересек балалар табаға нан пісіріп жатқан заф.ферма Несіпбай ағаның әйелі жаққан оттың шоғын қысқашпен алып келді. Екінші біреуі газет тауып әкелді. (Ол кезде газет жоқтың-қасы) Балалар аттың қиын газетке орап, темекі тартамыз деп мәзмейрам болысып жатыр. Бір мезетте шоқты лақтырған жерден лаулап от жана бастады. Ал әлгі «темекі тартқыштар» қолдарындағыны лақтыра салып, жүгіре жөнелді. Інімді алып қашайын десем, жан-жағымыздың барлығын от қаулаған. Жалыны бет қаратпайды. Шырылдап жылап әрі-бері жүгіреміз, даусымызды ешкім естімейді. Аналарымыз қорадағы бұзауларды шығарып әлек. Шарасыз күйде тұрғанда сиыр бағатын Бәйімбет ата аттан түсе салып, қып-қызыл өрттің ішінен інім екеуміздi құлаштап тұрып қораның қасында үйілген қиға лақтырды. Артынан өзі де жалыннан аман шықты. Ал қора болса, түгі қалмай жанып кетті. Ауылға милиция қызметкерлері, заң орындарының адамдары келіп, бар кінә інім екеумізге артылды. Қораны өртеген біз болып шықтық. Анам жылап жүр. Бізге келіп оқиғаның мән-жайын сұрайды. Менің ес кіріп қалған кезім емес пе, болған оқиғаны дәлме-дәл айтып бердім.

Бірақ бәрібір біз кінәлі болып шықтық. Тіпті, Бәйімбет атаның айтқанына да сенбеді. Осы оқиғадан кейін анамыз бірнеше ай жалақы алмады. Басқа сауыншылардан да ақша ұсталған екен.

Төре тұқымынан шыққан Бәйімбет ата Ұлы Отан соғысының ардагері болған. Ол кісі інім Арын екеумізге жасаған жақсылығын ешқашан міндетсінген емес. Атаның бұл ісі нағыз ерлік екенін ер жеткенде білдік. Сол қалың оттың арасында жүрген көрініс әлі де түсіме кіреді, есімнен бір сәт шықпайды.

Б. НҰҒМАНОВА,
ҚР Білім беру ісінің
Құрметті қызметкері.

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

ІЛИЯС ІЗБАСАРЛАРЫ

АҚЫНҒА АРНАУ

Құтты болсын! О Баба туған күнің,
Естіші туған жерде ұрпақ үнін.
Жастарға үлгі, карттарға қуат берген,
Бағдаршам болашаққа сенің жырың.

Сен туыпсың таласып қар гүлімен,
Гүлжарған бәйшешектер түр – түрімен.
Бұл күні ұрпақтарың сайрандауда,
Жерiңде көк байрақты ту тігілген.

Жырыңды сен бастаған жалғастырам,
Қыр гүлін жыр гүлімен алмастырам.
Жеріңе гүл, басыма білім егіп,
Жиде, шеңгел өңірді тал бастырам.

Арқауы Ілияс баба сүйегінің,
Ауылымды «Кіндік қоңыр» киелі құм.
Мен Жансүгіров мектебінің оқушысы.
Ұрпағымын Матай ата сүйегінің

Қарлығаш ДОСҚАЛИЕВА

ІЛИЯСҚА АРНАУ

Өлең сөздің дүлдүлі – Ілияс бабам,
Құмартады жырына барша ғалам.
Жетісуды жыр еттің, туған елді,
Артып тұр заманыңда сенің бағаң.

Туған жерін мақтанышпен жырлаған,
Өлең сөздің «Жыр пырағы» бұл бабам.
Қорға мені қырық шілтен қызыр
Ілияс аруағы,
Топқа түсті құлыншақтай бір балаң.

Зерлі сөздің ақиық қыранысың,
Көркем сөздің майталман пырағысың.
Тілді білсек бір сіздей біз білейік,
Алдыңызда иіліп тұрады шың.

Жырласаң құлпыртасың жерімізді,
Жырласаң қуантасың елімізді.
Жырладың қазақ елін тамсандырып,
Ой – қырды асқар шың мен белімізді.

Қанат ҚОЖАБЕКОВ

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ТАБАҚ ТАРТА БІЛУ ДЕ ӨНЕР

Той-жиынсыз күні құр өтпеген қазақтың қонақ күтуінің өзі – бір мектеп. Қазірде ұмытып бара жатқан, жастар мән бермей жататын бір аталы өнер бар. Ол – табақ тарту. Малдың жілігі мен сүйегін саралай білуге халқымыз ерекше мән берген. Сондықтан бұл ілімді біле жүргеніміз артық етпес.

Халқымыз үйінде асым еті бола тұра, қонақ келгенде мал сойып, алдына былқылдаған ет ұсынады. Бұл – қонаққа ізет пен құрмет көрсетудің мәртебесі.

Ең қадірлі саналатыны – бас. Бастан кейінгі қадірлі мүше жамбас. Жамбастан кейін кәрі жілік (қар жілік). Одан кейінгі асықты жілік. Өзгелері осыларға қосалқы.

Жылқының ең қадірлі мүшесі жая, одан кейінгісі қазы, қарта, жал деп саналған.

Сыйға тартылатын табақтар адамына қарай: бас, орта, аяқ табақ болып үшке бөлінеді. Қой сойғанда бас табаққа бас, жамбас, асықты жілік, сүбесі, белдемесі, бір білем құйрық пен бауыры салынады.

Орта табаққа бір жамбас, кәрі жілік, ұзын омыртқа, бір сүбе қойылады. Аяққы табаққа кәрі жіліктен бастап, қатын омыртқа, бұғана бір жауырын салынады. Ішкі жүйелерінен бауырдан басқасы табаққа түспейді. Аса қадірлі саналатын қонаққа қой сойғанда, үстіне жылқы етінің сүр жаясы, қазы-қартасы қоса салынады.

Қазақтың тағы бір ұлттық тағамы – кеспе немесе салма. Жылқы сорпасына әдетте ащы құрт езген, оны қысқы қымыз деп те атайды.

Езілген құрттың қалдығы малта деп аталады. Оны жолаушылағанда, мал баққанда тамақ, сусын ретінде пайдаланады.

Қысты күні жылқы сорпасын суыту үшін ішіне мұз салады. Мұны томыртқа дейді. Ет салған табаққа тұзын ащылау етіп құятын сорпаны тұздық дейді.

Ертеде көшпелі қазақтар сойылған малдың етін өз қарнына толтырып салып, екі басы шабылған жіліктен түтік шығарып, жерге көміп, қашан ақ бу шыққанша үстіне от жағып пісірген. Сілікпе деп аталатын бұл тағам өте дәмді келеді.

Мал етінің мүшелері жөнінде ырымдар мен дәстүрлер

Балаға «әкең өледі» деп бас ұстатпайды, «былжыр боласың» деп ми, «суға кетесің» деп жұлын жегізбейді.

Асырап алған балаға асықты жілік ұстатады. Қызға «картайтанша отырады» деп кәрі жілік ұстатпайды. Қонаққа асқан етке мойын салынбайды. «Жас босанған әйелге баланың мойны тез бекиді» деп ыстық мойын тістетеді.

Төс – күйеу мен ұзатылған қыз сыбағасы. Сойған қойдың төсінен төстік алып, оны тұздап, отқа қақтайды да, құда аталатын қонаққа басқа еттен бұрын дәм таттырады. Бұл «төске тесті тақасқан жақын болдық» деген ұғымды білдіреді.

Ұзатылған қызға сүрленген төс жіберіледі. Асқа, тойға қымыз апарған ыдысқа асықты, не кәрі жілік салып қайтарады. Піскен еттен құдаларға құйрық-бауыр таратады. «Құдалар құдай деп уәделескен, құйрық-бауыр жескен» деген сөз осыдан шыққан.

Материал Massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 510
Индекс 15534